

Ардагерге құрмет көрсетілді



6-бет

“Полиглот” зияткерлік сайысы



7-бет

Қазақ күресі дамуда



9-бет

Аудан ТЫНЫСЫ

№ 42-43 (551-552) ЖҰМА, 22 мамыр 2015 жыл

2010 ЖЫЛДЫҢ 1 ҚАҢТАРЫНАН БАСТАП ШЫҒАДЫ

ҰЛТ ЖОСПАРЫ - 100 ҚАДАМ БАРШАҒА АРНАЛҒАН ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ МЕМЛЕКЕТ



**БҮГІН БІЗ МЕМЛЕКЕТ
БАСШЫСЫ НҰРСҰЛТАН
НАЗАРБАЕВТЫҢ БЕС
ИНСТИТУТТЫҚ
РЕМОРМАСЫН ЖҮЗЕГЕ
АСЫРУҒА БАҒЫТТАЛҒАН
100 НАҚТЫ ҚАДАМДЫ
ЖАРИЯЛАП ОТЫРМЫЗ**

ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАНДА 38 ҮЗДІК СПОРТШЫ ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ АТАУЛЫ СТИПЕНДИЯСЫНА ИЕ БОЛДЫ

ШҚО-да аймақ басшысы бір топ спорт саңлақтарымен кездесу өткізді. Өңірдің спорттық әлеуеті мен жетістіктері талқыланды. Даниал Ахметов халықаралық сайыстарда жеңімпаз атанған бірқатар спортшыларды 150 мыңнан 1 миллионға дейінгі сома аралығында атаулы стипендиямен марапаттады, деп хабарлайды ШҚО Ақпараттық орталығы.

Өскемен қаласының Металлургиялық мәдениет сарайында әр түрлі спорт түрлері бойынша халықаралық сайыстарда ҚР командасының ұлттық құрамында табысты өнер көрсеткені үшін 38 спортшы салтанатты түрде марапатталды. Бұл спортшылар облыс әкімі Даниал Ахметовтың атаулы стипендиясына ие болды.

– Ең үздік спорттық алаңдар мен су бассейндері біздің ең басты байлығымыз – балаларымызға беріліп отыр. Олар – болашақ чемпиондар. Біз солардың келешегі үшін өскелеңдік «Торпедоны» қайта жасақтадық. Хоккейімізді көтеру үшін Ресейден, Еуропадан, Солтүстік Америкадан жаттықтырушыларды шақырып, жаңа мұз алаңдарын салуымыз тиіс. Семейде 200 орындық тұрғын үй корпусының құрылысын аяқталған уақытта болашағынан үміт күттіретін балалар сонда орналастырылады. Пансионаттардың қасында жаңа технологиялармен жарақтандырылған заманауи оңалту орталықтары ашылуы керек, – деді Д.Ахметов.

Ай сайынғы стипендияға Олимпияда ойындарының жеңімпазы Ольга Рыпакова, еркін күрестен Азия чемпионы Расул Қалиев, 2015 жылғы Әлем чемпионатының қола жүлдегері Алексей Полтаранин, фристайл бойынша Әлемдік қысқы Универсиадаының жеңімпазы Юлия Галышева ие болды.

Айта кету керек, бүгінгі күні ШҚО-да 88 спорт түрінен 3132 спорттық нысан жұмыс істейді.

БАҚ беттерінен

Ақордада Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың төрағалығымен Үкіметтің кеңейтілген отырысы өтті. Отырыс барысында Мемлекет басшысы ұсынған бес институционалдық реформаны жүзеге асыру бағытындағы 100 нақты қадамның практикалық жайттары қарастырылды.

Аталған реформалардың әрқайсысы бойынша Мемлекет басшысы бірқатар нақты міндеттер белгіледі.

Атап айтқанда, Нұрсұлтан Назарбаев Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі бүкіл мемлекеттік қызметке кадр іріктеуді жүргізетін бірыңғай рекрутингтік орталық болуы тиістігіне тоқталып өтті.

Сондай-ақ Қазақстан Президенті жергілікті қоғамдастық алдында есеп беретін жергілікті полиция қызметін құру қажеттігін де атап өтті.

«Ол қоғамдық тәртіпті сақтауға, тұрмыстық қылмысқа қарсы іс-қимыл мен жол-патрульдік қызмет жұмысына жауапты болады. Нақ осы қызмет жергілікті қоғамдастықпен тығыз ынтымақтаса отырып ұсақ заңбұзушылықтарға қатысты «мүлде төзбеу» режимін қамтамасыз етуі тиіс», – деді Нұрсұлтан Назарбаев.

Мемлекет басшысы ауыл шаруашылығына арналған жерлерді жекешелендіру, салық жүйесін реформалау, электр энергетикасы саласындағы саясатты қайта қарау, құрылыс саласына өзгерістер енгізу, индустрияландыру бағдарламасын әрі қарай жүзеге асыру, сондай-ақ кедендік рәсімдер мен Еуразиялық экономикалық одақ аясындағы сауда саясатын жетілдіру ісін бастаудың маңыздылығына тоқталды.

Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстан халықаралық көлік-коммуникациялық арналармен интеграцияланғаны жөн екенін айтты.

«Мультимодальді, жоғары жылдамдықты «Еуразиялық транскүрлықтық дәліз» құрылуы тиіс. Ол әуе, теңіз, теміржол және автокөлік қатынастарын тоғыстырады. Еуразиялық дәліз екі бағыт бойынша өтеді. Біріншісі – Қазақстан, Ресей аумағы арқылы Еуропаға шығады. Екіншісі – Қазақстан аумағы арқылы Қорғастан Ақтау портына дейін, одан әрі Каспий теңізі мен Кавказ арқылы Еуропаға және Иран мен Парсы шығанағы арқылы оңтүстікке жалғасады. Жоба аясында Қазақстанның бүкіл аумағы арқылы Ақтау портына дейін жаңа теміржол желісін салу қажет», – деді Мемлекет басшысы.

Бұдан бөлек, Қазақстан Президенті ұлттық құндылықтарды және өскелең ұрпақ санасындағы патриотизмді нығайтудың маңыздылығын атап өтті.

«Үлкен ел – Үлкен отбасы» жобасын іске қосу қажет. Оның аясында кинофильмдер, сериалдар және ел тарихы, қазақстандық мәдениет, елдің бүгінгі өмірі туралы хабарлар түсірілетін болады. Туристік бағдарлар мен этноауылдар ұйымдастырылады. Мәдени инфрақұрылым барлық қазақстандықтар үшін қолжетімдіге айналады. Мәңгілік

Ел құндылықтарын мектеп стандарттарына қалай енгізу керектігін ойластыру керек», – деді Нұрсұлтан Назарбаев.

Мемлекет басшысы Үкімет алдына 5-6 негізгі индикатор қойылатынын айтты.

«Ол өз кезегінде әрбір министр мен әкім үшін 2-3 нақты көрсеткішті белгілеп беретін болады. Бақылау тек мақсатты индикаторға қол жеткізу негізінде жүзеге асырылады. Аралық бақылау мен артық тапсырмаларды жойып, мемлекеттік органдарға көбірек еркіндік беру қажет. Олар өздерінің жұмысында өз бетімен әрекет ете алатындай, бірақ жауапты әрі есеп беріп отыратындай бола түседі», – деді Қазақстан Президенті.

Нұрсұлтан Назарбаев мемлекеттік органдар мен әкімдіктер жанындағы қоғамдық кеңестердің рөлін күшейту қажеттігін айтты.

«Олар міндетті түрде аумақты дамытуға арналған стратегиялық жоспарлар мен бағдарламалардың орындалуын талқылауға қатысады; жергілікті жерлерде бюджеттің, азаматтар құқықтары мен бостандықтарына қатысты нормативтік құқықтық актілер жобаларының, бағдарламалық құжаттар жобаларының айқындалуына атсалысады», – деді Мемлекет басшысы.

Қазақстан Президенті мемлекеттік қызметтердің бірыңғай провайдері болатын «Үкімет азаматтар үшін» мемлекеттік корпорациясын құру мүмкіндігін қарастыруды да ұсынды.


Соңында Мемлекет басшысы белгіленген жұмыстың барлығын қысқа мерзім ішінде жасаған жөн екенін айтты. «Терең білімді, халықаралық тәжірибені зерттеуді қажет ететін ауқымды жұмыс күтіп тұр. Оның орындалуы елімізді жаңа деңгейге көтеруге мүмкіндік туғызады. Бізден халық бұдан әрі қадам жасауымызды күтіп отыр. Ол үшін әрқайсыңыздың қажетті білімдеріңіз, тәжірибелеріңіз бен біліктіліктеріңіз бар. Өздеріңізге артылған үмітті ақтау керек», – деді Нұрсұлтан Назарбаев.

Отырыс барысында Премьер-Министр К.Мәсімов сөз сөйлеп, бұрынғы мүшелерінің қайта тағайындалуы Үкіметке барлық тапсырмаларды орындауға жедел кірісуге мүмкіндік беретінін айтты.

«Сіздің тапсырмаңызға сәйкес, барлық министрліктер мен ведомстволарға белгіленген міндеттерді, ұлықтау рәсімінде сөйлеген сөзіңізді, қабылданған бағдарламаларды және берілген нұсқауларыңызды ескере отырып, таяу үш айға арналған іс-қимыл бағдарламасын әзірлеу жөнінде тапсырма берілді. Белгіленген мерзімге, яғни маусымның аяғына дейін Сіздің қарауыңызға реформаларды жалғастыру және тапсырмаларыңыздың орындалуы жөніндегі ұсыныстарды енгіземіз», – деді Премьер-Министр.

Сонымен қатар үкімет мүшелері, мемлекеттік органдар мен ұлттық компаниялардың басшылары бес институционалдық реформаны жүзеге асыруға байланысты мәселелер жөніндегі пікірлерін ортаға салды.

100 НАҚТЫ ҚАДАМ



«100 нақты қадам» – бұл **ЖАҢАНДЫҚ ЖӘНЕ ІШКІ СЫН-ҚАТЕРЛЕРГЕ ЖАУАП** және сонымен бір мезгілде, жаңа тарихи жағдайларда **ҰЛТТЫҢ ДАМУЫН МЕМЛЕКЕТТЕРДІҢ ОТЫЗДЫҒЫНА КІРУІ ЖӨНІНДЕГІ ЖОСПАРЫ**.

«100 нақты қадам» елімізге «2050-Стратегиясын» жүзеге асыру мен **ҚАЗАҚСТАН МЕМЛЕКЕТТІЛІГІН НЫҒАЙТУҒА, ЖОЛДАН АДАСПАУҒА, КҮРДЕЛІ КЕЗЕҢНЕН СЕΝІМДІ ӨТУГЕ** жағдай туғызатын **БЕРІКТІК ҚОРЫН** жасап беретін болады.

Жоспардың негізгі мақсаты **«АУРУЛАРДЫҢ СЫРТҚЫ БЕЛГІЛЕРІН» СЫЛАП-СИПАП ҚОЮ ЕМЕС, ОЛАРДЫ «ЖҮЙЕЛІ ЕМДЕУ»** болып табылатын қоғам мен мемлекетті түбегейлі қайта өзгертуге негіз қалайды.



I. КӘСІБИ МЕМЛЕКЕТТІК АППАРАТ ҚҰРУ

- 1-қадам.** **МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТКЕ ҚАБЫЛДАУ РЕСІМДЕРІН ЖАҢҒЫРТУ.** Мемлекеттік қызметке қабылдау **ТӨМЕНГІ ЛАУАЗЫМДАРДАН** басталуы тиіс.
- 2-қадам.** Төменгі лауазымдарға кандидаттарды реттеу және одан әрі лауазымдық өсу **ІСКЕРЛІК ҚАСИЕТТЕР** негізінде жүзеге асырылуы тиіс.
- 3-қадам.** **ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ ЖӘНЕ ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ АГЕНТТІГІНІҢ РӨЛІН АРТТЫРУ** есебінен мемлекеттік қызметке алғаш рет қабылданушыларды **ІРІКТЕУ РЕСІМІН ОРТАЛЫҚТАНДЫРУ**. Үш сатылы іріктеу жүйесін енгізу.
- 4-қадам.** **3+3 ФОРМУЛАСЫ БОЙЫНША** мемлекеттік қызметке бірінші рет қабылданушылар үшін **МІНДЕТТІ ТҮРДЕ СЫНАҚ МЕРЗІМІ** (тиісінше үш айдан кейін және алты айдан кейін сәйкестілікті межелік бақылау).
- 5-қадам.** Мемлекеттік қызметкерлердің жалақысын қызметінің нәтижесіне байланысты **ӨСІРУ**.
- 6-қадам.** **ЕҢБЕКАҚЫНЫ НӘТИЖЕ БОЙЫНША ТӨЛЕУГЕ КӨШУ.** Мемлекеттік қызметкерлер үшін – жеке жылдық жоспарларды орындау; мемлекеттік органдар үшін – стратегиялық жоспарларды орындау; министрлер және өкімдер үшін – мемлекеттік қызмет сапасының арнаулы индикаторлары, өмір сапасы, инвестиция тарту; Үкімет мүшелері үшін – интегралдық макроэкономикалық индикаторлар.
- 7-қадам.** Мемлекеттік қызметкерлердің **ЛАУАЗЫМДЫҚ ЕҢБЕКАҚЫЛАРЫНА ӨҢІРЛІК ҮЙЛЕСТІРУ КОЭФФИЦИЕНТТЕРІН** қосу
- 8-қадам.** Ауыстырылатын мемлекеттік қызметкерлерге лауазымдық міндеттерін атқару кезеңінде оларға **ЖЕКЕШЕЛЕНДІРУ ҚҰҚЫҒЫНСЫЗ ҚЫЗМЕТТІК ПӘТЕРЛЕРДІ МІНДЕТТІ ТҮРДЕ БЕРУ**.



- 9-қадам.** **МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІ ТҰРАҚТЫ ТҮРДЕ ОҚЫТУ ЖҮЙЕСІН ЗАҢДЫ ТҮРДЕ БЕКІТУ** – үш жылда бір рет олардың кәсіби шеберлігін арттыру.
- 10-қадам.** **МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІ МАНСАПТЫҚ ЖОҒАРЫЛАТУ ҮШІН КОНКУРСТЫҚ НЕГІЗГЕ КӨШУ.** «Б» корпусының жоғары лауазымдарына жылжыту төменгі лауазымдағы мемлекеттік қызметкерлер қатарынан тек қана конкурстық негізде жылжыту есебінен меритократия қағидатын нығайту.
- 11-қадам.** **ШЕТЕЛДІК МЕНЕДЖЕРЛЕРДІ, ЖЕКЕМЕНШІК СЕКТОРДЫҢ ЖЕКЕЛЕГЕН МАМАНДАРЫН, ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҰЙЫМДАРДЫҢ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ** болып табылатын Қазақстан Республикасының азаматтарын мемлекеттік қызметке жіберу. Оларды тағайындау ерекше талаптар және лауазымдардың жеке кестесі бойынша жүзеге асырылуы мүмкін. Бұл қадам мемлекеттік қызметті ашық және бәсекеге қабілетті жүйе етеді.
- 12-қадам.** **ЖАҢА ЭТИКАЛЫҚ ЕРЕЖЕЛЕРДІ ЕНГІЗУ.** Мемлекеттік қызметтің жаңа Этикалық кодексін жасау. Этика мәселелері жөніндегі уәкілетті өкіл лауазымын енгізу.
- 13-қадам.** **ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ КҮРЕСТІ КҮШЕЙТУ**, сонымен бірге, жаңа заңнамалар әзірлей отырып, Мемлекеттік қызмет істері және жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің құрылымында жемқорлық құқық бұзушылықтың жүйелі түрде алдын алу және сауықтыру үшін жемқорлыққа қарсы арнайы бөлім құру.
- 14-қадам.** Барлық мемлекеттік органдарға, оның ішінде құқық қорғау органдарының барлық қызметкерлеріне қатысты **МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ ТУРАЛЫ ЖАҢА ЗАҢ** қабылдау.
- 15-қадам.** Мемлекеттік қызмет туралы жаңа заң қабылданғаннан кейін **ІС БАСЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІ КЕШЕНДІ АТТЕСТАТТАУДАН** өткізу, кәсіби талаптарды күшейту және еңбекақы төлеудің жаңа жүйесін енгізу.



II. ЗАҢНЫҢ ҮСТЕМДІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

- 16-қадам.** **АЗАМАТТАРДЫҢ СОТ ТӨРЕЛІГІНЕ ҚОЛЖЕТІМДІЛІГІН ЖЕҢІЛДЕТУ ҮШІН СОТ ЖҮЙЕСІ ИНСТАНЦИЯЛАРЫН ОҢТАЙЛАНДЫРУ. БЕС САТЫЛЫ СОТ ЖҮЙЕСІНЕН** (бірінші, апелляциялық, кассациялық, қадағалау және қайта қадағалау жасау) **ҮШ САТЫЛЫ** (бірінші, апелляциялық, кассациялық) сот төрелігі жүйесіне көшу.
- 17-қадам.** Судья лауазымына **КАНДИДАТТАРДЫ ІРІКТЕУ ТЕТІКТЕРІН КӨБЕЙТУ ЖӘНЕ БІЛКІТІЛІК ТАЛАПТАРЫН ҚАТАЙТУ**. Міндетті түрдегі талап – сот істерін жүргізуге қатысудың 5 жылдық өтілі. Кәсіби дағдысы мен іскерлігін тексеру үшін ахуалдық тестілер жүйесін енгізу. Судьялыққа үміткерлер **СОТТАРДА** стипендия төленетін **БІР ЖЫЛДЫҚ ТАҒЫЛЫМДАМАДАН** өтеді. Бір жылдық тағылымдамадан кейін судья **БІР ЖЫЛДЫҚ СЫНАҚ МЕРЗІМІНЕН** өтеді.
- 18-қадам.** Оқуды және сот тәжірибесі арасындағы өзара байланысты күшейту үшін **СОТ ТӨРЕЛІГІ ИНСТИТУТЫ МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУ АКАДЕМИЯСЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫНАН** бөлінуі керек. Аталмыш институт Жоғарғы Соттың жанында жұмыс істеп, қызмет бабындағы судьялардың біліктілігін тұрақты түрде арттыруды қамтамасыз ететін болады.
- 19-қадам.** **СУДЬЯЛАРДЫҢ ЕСЕП БЕРУ ТӘРТІБІН КҮШЕЙТУ. СУДЬЯЛАРДЫҢ ЖАҢА ЭТИКАЛЫҚ КОДЕКСІН** жасау, оның негізінде азаматтар судьялардың әрекеттері бойынша еліміздің Жоғарғы Сотының жанынан құрылған арнайы **СОТ АЛҚАСЫНА** шағымдана алатын болуы керек.
- 20-қадам.** **БАРЛЫҚ СОТ ПРОЦЕСТЕРІНЕ БЕЙНЕ ЖӘНЕ ТАСПАҒА ЖАЗУ ШАРАЛАРЫН** міндетті түрде енгізу. Судьяның бейне жазуды тоқтатуға немесе аудио жазу материалдарын редакциялауға мүмкіндігі болмауы тиіс.
- 21-қадам.** Алқа билер соты қолданылатын салаларды кеңейту. Заңды түрде **АЛҚА БИЛЕР СОТЫ МІНДЕТТІ ТҮРДЕ ҚАТЫСТЫРЫЛАТЫН** қылмыстық істердің категорияларын анықтау қажет.
- 22-қадам.** **АДАМНЫҢ ЖӘНЕ АЗАМАТТАРДЫҢ КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ҚҰҚЫН ШЕКТЕЙТІН БАРЛЫҚ ТЕРГЕУ ҚЫЗМЕТІ ЖӨНІНДЕГІ ӨКІЛЕТТІЛІКТІ** тергеу судьясына біртіндеп беруді **ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ** АРҚЫЛЫ СОТТА АЙЫПТАЛУШЫ ЖӘНЕ ҚОРҒАУШЫ АРАСЫНДАҒЫ ТЕҢГЕРІМДІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ.
- 23-қадам.** **ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ДАУЛАР БОЙЫНША** жеке **СОТ ІСТЕРІН ЖҮРГІЗУДІ** құру. Жоғарғы Сотта ірі инвесторлар қатысатын дауларды қарау үшін **ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ АЛҚАНЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ**.
- 24-қадам.** Дубай тәжірибесі бойынша Астана қаласында **AIFC ХАЛЫҚАРАЛЫҚ АРБИТРАЖДЫҚ ОРТАЛЫҒЫН ҚҰРУ**.
- 25-қадам.** Шетелдік және халықаралық соттардың **ҮЗДІК СТАНДАРТТАРЫ БОЙЫНША СОТ ІСТЕРІН ЖҮРГІЗУДІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ҮШІН ЖОҒАРҒЫ СОТ ЖАНЫНАН БЕДЕЛДІ ШЕТЕЛДІК СУДЬЯЛАР МЕН ЗАҢГЕРЛЕР** қатысатын халықаралық кеңес құру. Кеңес қазақстандық сот жүйесін жетілдіру мәселелері бойынша Жоғарғы Сотқа кеңес беріп отырады.
- 26-қадам.** Сот рәсімдерін оңайлату және сот процестерін жеделдету үшін азаматтық-құқықтық даулар жөніндегі соттарға **ПРОКУРОРДЫҢ ҚАТЫСУЫН** қысқарту. Азаматтық іс жүргізу кодексіне тиісті өзгертулер енгізу.
- 27-қадам.** Жекеменшік сот орындаушылар институтын одан әрі дамыту. **СОТ ОРЫНДАУШЫЛАРЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТІН БІРТІНДЕП ҚЫСҚАРТУ**.
- 28-қадам.** Полиция қызметкерлерін **ІСКЕРЛІК ҚАБІЛЕТТЕРІ НЕГІЗІНДЕ ІРІКТЕУ ЖҮЙЕСІН ЖАҚСARTY**. Кәсіби дағдыларын және жеке тұлғалық қасиеттерін тексеру үшін іс басындағы полиция қызметкерлерін және қызметкерлікке кандидаттарды тестілеудің арнайы жүйесін енгізу.
- 29-қадам.** **ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ ОРГАНДАРЫНЫҢ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІН МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ ЖҮЙЕСІНЕ ҚОСУ**. Әрбір құқық қорғау қызметінің ведомстволық ерекшеліктеріне сәйкес бірыңғай қызмет ету ережесін енгізу.
- 30-қадам.** Жергілікті атқарушы органдарға және жергілікті қоғамдастыққа есеп беретін **ЖЕРГІЛІК ПОЛИЦИЯ ҚЫЗМЕТІН** құру. Жергілікті полиция қызметінің өкілеттілігі: қоғамдық тәртіпті қорғау мәселелері, тұрмыстық қылмысқа қарсы тұру, жол-бақылау қызметі, ұсақ құқық бұзушылыққа атымен төзбеушілік. Жол-бақылау полициясының қызметкерлері полиция қызметкерлерінің жұмыс ауысымы кезінде атқарған ісінің барлығын жазып отыратын бейне-тіркегіштермен қамтамасыз етіледі.
- 31-қадам.** Этикалық нормаларды бұзуға жол беретін полицейлердің іс-әрекеттеріне **ШАҒЫМДАНҒАН АЗАМАТТАРДЫҢ АРЫЗЫН ҚАРАУ ЖӨНІНДЕГІ ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕС ЖҮЙЕСІН ҚҰРУ** АРҚЫЛЫ полицияның ашықтығын қамтамасыз ету. **ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕСТЕРДІҢ МӨРТЕБЕСІМЕН ӨКІЛЕТТІЛІГІ ЗАҢДЫ ТҮРДЕ БЕКІТІЛЕТІН БОЛАДЫ**.
- 32-қадам.** «Қылмыстық құқық бұзу картасы» ұлттық ақпараттық жүйесі негізінде **«ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУ КАРТАСЫ»** интернет-порталын құру. Бұл картада елімізде 1 аптадан әрі кетпейтін мерзімде жасалған барлық қылмыстық құқық бұзушылық тіркелетін болады. Бұл **ҚОҒАМҒА ІШКІ ІСТЕР ОРГАНДАРЫ ЖҮМЫСЫНЫҢ ТИІМДІЛІГІН БАҚЫЛАУҒА** мүмкіндік береді.
- 33-қадам.** Бас бостандығынан айыру орнынан босаған және сынақтан өту қызметіне тіркелген азаматтарды әлеуметтік оңалтудың тиімді жүйесін қалыптастыру. Осындай азаматтар үшін **АРНАУЛЫ ӘЛЕУМЕТТІК ҚЫЗМЕТ СТАНДАРТТАРЫН ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ОҢАЛТУДЫҢ КЕШЕНДІ СТРАТЕГИЯСЫН** жасау.
- 34-қадам.** **МЕМЛЕКЕТ-ЖЕКЕМЕНШІК СЕРІКТЕСТІГІН ДАМУ ТҮРІНДЕ** пенитенциарлық инфрақұрылымды жаңғырту. Пенитенциарлық мекемелерді сапаға, ұстауға және басқаруға жекеменшік секторды тарту жөнінде ұсыныстарды екшеу және халықаралық тәжірибені зерттеу.



БАРШАҒА АРНАЛҒАН ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ МЕМЛЕКЕТ

III. ИНДУСТРИЯЛАНДЫРУ ЖӘНЕ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСІМ



- 35-қадам.** АУЫЛШАРУАШЫЛЫҚ ЖЕРЛЕРІН тиімді пайдалану мақсатымен оларды нарықтық айналымға енгізу. **ЖЕР КОДЕКСІНЕ ЖӘНЕ БАСҚА ДА ЗАҢ АКТІЛЕРІНЕ** өзгерістер енгізу.
- 36-қадам.** **ЖЕР ТЕЛІМДЕРІН МАҚСАТТЫ ПАЙДАЛАНУ ТҮРІН ӨЗГЕРТУГЕ РҰҚСАТ АЛУ** ресімдерін жеңілдету. Ауылшаруашылық жерлерін пайдалануға тұрақты түрде мониторинг жүргізу. Барлық пайдаланылмай жатқан жерді алдағы уақытта **ЖЕКЕШЕЛЕНДІРУ ҮШІН МЕМЛЕКЕТТІК ҚОРҒА БЕРУ**.
- 37-қадам.** Салық және кеден саясатын және ресімдерін оңтайландыру. **ТН СЭҚ 6** белгісіндегі біркелкі тауарлар тобы шеңберінде «0-5-12» моделі бойынша Бірыңғай кеден тарифі кедендік мөлшерлемесін қысқарту.
- 38-қадам.** Экспорттық және импорттық кеден ресімдерінен өту кезінде «**БІР ТЕРЕЗЕ**» қағидатын енгізу. Электронды жария ету жүйесін дамыту (тауарларды кедендік тазалауға автоматтандырылған жүйені енгізу). Экспорт және импорт үшін құжаттар санын және оларды өңдеу уақытын қысқарту.
- 39-қадам.** **КЕДЕН ЖӘНЕ САЛЫҚ ЖҮЙЕЛЕРІН ИНТЕГРАЦИЯЛАУ.** Тауар салық салу мақсатында Қазақстан аумағына кірген кезеңнен бастап оны сатқанға дейін бақылауға алынады.
- 40-қадам.** «**ПОСТФАКТУМ**» **КЕДЕНДІК ТАЗАЛАУ РЕЖІМІН** ЕНГІЗУ. Сыртқы экономикалық қызметке қатысушы жекелеген санаттарға тауарларын жария еткенше тауарларын шығаруға мүмкіндік беру.
- 41-қадам.** **МҮЛІКТІ ЖӘНЕ ҚАРЖЫНЫ ЗАҢДАСТЫРУ РЕСІМДЕРІН ОҢАЙЛАТУ.** Қолданыстағы заңға өзгертулер және толықтырулар енгізу.
- 42-қадам.** 2017 жылдың 1 қаңтарынан мемлекеттік қызметкерлер үшін, одан әрі барлық азаматтар үшін **КІРІСТІ ЖӘНЕ ШЫҒЫСТЫ ЖАЛПЫ ЖАРИЯЛАУДЫ КЕЗЕҢ-КЕЗЕҢМЕН** ЕНГІЗУ.
- 43-қадам.** **САЛЫҚ ДЕКЛАРАЦИЯЛАРЫН ҚАБЫЛДАУ ЖӘНЕ ӨНДЕУДІҢ ОРТАЛЫҚ ЖЕЛІСІН ҚҰРУ.** Орталық салық төлеушілердің электронды құжаттарының бірыңғай мұрағатына кіру мүмкіндігіне ие болады. **ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ** жүйесін енгізу. Декларанттар салықты бақылау бойынша шешім қабылдау үшін тәуекел санаттарына бөлінетін болады. Жариялауды бірінші рет тапсырған жеке тұлғалар үш жыл мерзімде қайта тексерістен өтпейтін болады.
- 44-қадам.** **ЖАНАМА САЛЫҚ САЛУ ТЕТІКТЕРІН ЖЕТІЛДІРУ.** Қосымша құн салығының орнына сатудан салық алуды енгізу мәселесін жан-жақты зерттеу.
- 45-қадам.** Кіріске және шығысқа салық есебін міндетті түрде енгізу арқылы **ҚОЛДАНЫСТАҒЫ САЛЫҚ РЕЖІМІН ОҢАЙЛАНДЫРУ.**
- 46-қадам.** Рұқсат алуды оңтайландыру. **ҚҰРЫЛЫСҚА РҰҚСАТ АЛУДЫҢ ҮШ САТЫЛЫ** («30-20-10») қағидаты енгізіледі. Бірінші саты – архитектуралық жобалау тапсырмасын беру өтініш берілген күннен кейін 30 күн ішінде жүзеге асырылады. Екінші – эскиз жобаны (дизайн-жобаны) мақұлдау – 20 күнге дейін, үшінші – рұқсаттың өзі – 10 күн ішінде.
- 47-қадам.** Жобалау-металық және жобалау құжаттарын сараптамадан өткізуге байланысты **МЕМЛЕКЕТТІК МОНОПОЛИЯДАН БІРТІНДЕП БАС ТARTU.** Жобаларды сараптауды бәсекелесті ортаға тапсыру.
- 48-қадам.** **ҚҰРЫЛЫСТЫҢ СМЕТАЛЫҚ ҚҰНЫН АНЫҚТАУДЫҢ РЕСУРСТЫҚ ӘДІСІН** ЕНГІЗУ. Құрылыста баға қалыптастырудың жаңа әдісін енгізу материалдардың, бұйымдардың, жабдықтардың және еңбекақының қолданыстағы бағаға сәйкес нақты нарықтық бағасына байланысты құрылыстың металық құнын анықтауға мүмкіндік береді, сонымен бірге жаңа материалдармен, жабдықтармен және технологиямен металық-нормативтік базаны жедел жаңартуды қамтамасыз етеді.
- 49-қадам.** Кеңестік кезеңнен бері қолданылып келе жатқан **ҚҰРЫЛЫСТЫҢ ЕСКІРГЕН НОРМАЛАРЫ МЕН ЕРЕЖЕЛЕРІНІҢ ОРНЫНА ЕУРОКОДТАР ЖҮЙЕСІН** ЕНГІЗУ. Жаңа нормативтерді қабылдау инновациялық технологиялар мен материалдарды қолдануға, құрылыс қызметі нарығындағы қазақстандық мамандардың бәсекеге қабілеттілігін арттыруға, сонымен бірге құрылыс саласындағы шетелдік қызмет нарығына қазақстандық компаниялардың шығуына мүмкіндік береді.
- 50-қадам.** **ЭЛЕКТР ЭНЕРГЕТИКАСЫ САЛАСЫН ҚАЙТАДАН ҚҰРУ, «БІРЫҢҒАЙ САТЫП АЛУШЫ» МОДЕЛІН** ЕНГІЗУ. Бұл өңірлер арасындағы электр энергиясының әртүрлі тарифтерін реттеуге мүмкіндік береді.
- 51-қадам.** **ӨНІРЛІК ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ КОМПАНИЯЛАРДЫ (ӨЭК) ІРІЛЕНДІРУ.** Бұл энергиямен қамтамасыз етудің сенімділігін арттырады, өңірлерге электр энергиясын таратудың шығынын төмендетеді, тұтынушылар үшін электр энергиясының ақысын азайтады.
- 52-қадам.** **ЭЛЕКТР ЭНЕРГЕТИКАСЫ СЕКТОРЫНДА САЛАҒА ИНВЕСТИЦИЯ TARTUDY ЫНТАЛАНДЫРАТЫН ЖАҢА ТАРИФ САЯСАТЫН** ЕНГІЗУ. Тариф құрылымын өзгерту. Тарифтерде 2 құрауыш ерекшеленеді: күрделі шығындарды қаржыландыру және электр энергиясы өндірісінің ауыспалы шығындарын жабу үшін пайдаланылатын электр энергиясы үшін төленетін ақы белгіленетін болады. Бұл «шығынды өтеу» әдісі бойынша тарифтерді бекітетін қазіргі ахуалды өзгертуге мүмкіндік береді.
- 53-қадам.** **ЭЫДҰ СТАНДАРТТАРЫНА СӘЙКЕСТЕНДІРУ МАҚСАТТАРЫНДА МОНОПОЛИЯМЕН ҚЫЗМЕТ ЖҰМЫСЫНЫҢ ТҰЖЫРЫМДАРЫН ӨЗГЕРТУ.** Қызметті жаңғырту еркін бәсекелесті дамытуға бағытталуға тиіс.
- 54-қадам.** **КӘСІПкерлердің мүдделерін қорғау үшін БИЗНЕС-ОМБУДСМЕН ИНСТИТУТЫН НЫҒАЙТУ.** Жаңа институттың құрамына бизнестің және Ұлттық кәсіпкерлер палатасының өкілдері кіреді.
- 55-қадам.** **ҚАЗАҚСТАННЫҢ ӨЛЕМДІК НАРЫҚҚА ШЫҒУЫ ЖӘНЕ ЭКСПОРТ ТАУАРЛАРЫ ҮШІН ӨНДЕУ ӨНЕРКӘСІБІНЕ ЕҢ КЕМІНДЕ 10 ТРАНСҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯНЫ TARTU.** Халықаралық экономикалық нысандардың жаңа мүмкіндіктері туралы халықаралық бизнесті ақпараттандыру.
- 56-қадам.** Экономиканың басым секторларында «зәкірлік инвесторлармен» – халықаралық стратегиялық серіктестермен («Эйр Астана», «Теңіз-Шевройл», ҚТЖ локомотивтерін шығару жөніндегі зауыт үлгісі бойынша) **БІРЛЕСКЕН КӘСІПОРЫНДАР** құру. Шетелдерден жоғары білікті мамандар тарту үшін **АҚШ, КАНАДА, АВСТРАЛИЯ ҮЛГІСІ БОЙЫНША ҚОЛАЙЛЫ КӨШІ-ҚОН РЕЖІМІН** қалыптастыру.
- 57-қадам.** **ТУРИСТІК КЛАСТЕРЛЕР ҚҰРУДА ҮЗДІК ТӘЖІРИБЕСІ BAR** стратегиялық (зәкірлік) инвесторлар тарту.
- 58-қадам.** **ЖОЛ-КӨЛІК ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖӘНЕ ДАМУ ТҮРІНДЕ БІРЫҢҒАЙ ОПЕРАТОР** қалыптастыру үшін стратегиялық (зәкірлік) инвесторлар тарту.
- 59-қадам.** **МОЙЫНДАЛҒАН ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЭНЕРГОСЕРВИСТІК ШАРТТАР АРҚЫЛЫ ЭНЕРГИЯ ҮНЕМДЕУ САЛАСЫНА СТРАТЕГИЯЛЫҚ ИНВЕСТИЦИЯЛАР TARTU.** Олардың негізгі міндеті: жеке шығындарын өтей отырып, энергия үнемдеу саласында кешенді қызмет көрсету үшін жеке-меншік энергия сервистік компанияларды дамытуды ынталандыру және іс жүзінде энергетикалық шығындарды үнемдеуден қаржылай пайда табу.
- 60-қадам.** **СҮТ ЖӘНЕ СҮТ ӨНІМДЕРІ ӨНДІРІСІН ДАМУ ТҮРІНДЕ СТРАТЕГИЯЛЫҚ ИНВЕСТИЦИЯЛАР TARTU.** Негізгі міндет: үш жыл мерзімде ТМД елдері нарығына шығарылатын өнімдерінің жартысына дейінгі экспортын қамтамасыз ету. Жұмыс селода кооперативтік өндірісті дамыту арқылы жаңазеландиялық Fronterra және даниялық Arla үлгісімен ұйымдастырылды.







100 НАҚТЫ ҚАДАМ



III. ИНДУСТРИЯЛАНДЫРУ ЖӘНЕ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСІМ

- 61-қадам.** **ЕТ ӨНДІРІСІ МЕН ӨНДЕУДІ ДАМУҒА ҮШІН СТРАТЕГИЯЛЫҚ ИНВЕСТИЦИЯЛАРДЫ ТARTU.** Негізгі міндет шикізат базасын дамыту және өңделген өнімдерді экспорттау.
- 62-қадам.** Экономиканың шикізаттық емес салаларындағы орта бизнестің нақты көшбасшы компанияларын қолдауға бағытталған **«ҰЛТТЫҚ ЧЕМПИОНДАР» БЕЛСЕНДІЛІГІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ.** Бизнес-көшбасшыларды айқындау ноу-хау трансфері үшін біліктілік орталықтарын құру мүмкіндігін береді.
- 63-қадам.** **ҒЫЛЫМДЫ ҚАЗАҚСТАН ЭКОНОМИКАСЫНЫҢ НЕГІЗІ РЕТІНДЕ ЕКІ ИННОВАЦИЯЛЫҚ КЛАСТЕРДІ ДАМУ. НАЗАРБАЕВ УНИВЕРСИТЕТТЕ «АСТАНА БИЗНЕС КАМПУСТА» ҒЫЛЫМИ ОРТАЛЫҚТАРЫ МЕН ЗЕРТХАНАЛАР ОРНАЛАСТЫРЫЛАДЫ.** Олар бірлескен ғылыми-зерттеу жобаларын және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды жүргізуге, сондай-ақ, оларды коммерцияландыруға қызмет етеді. Нақты өндірістік жобаларды жүзеге асыру үшін инновациялық технологиялар паркі жергілікті және шетелдік жоғары технологиялы компанияларды тартатын болады.
- 64-қадам.** **ӨНДІРІСКЕ ИННОВАЦИЯЛАР ЕНГІЗУ ЖӨНІНДЕГІ ЖҰМЫСТАРДЫ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ ТЕТІКТЕРІ** бар «Ғылыми және (немесе) ғылыми техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру туралы» Заң әзірленеді. Ғылыми гранттар мен бағдарламалар құрылымдары индустриялық-инновациялық даму мемлекеттік бағдарламасының қажеттілігіне орай қайта бағытталады.
- 65-қадам.** **ҚАЗАҚСТАНДЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КӨЛІК-КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ АҒЫМДАРҒА ИНТЕГРАЦИЯЛАУ. «ЕУРАЗИЯЛЫҚ ТРАНСКОНТИНЕНТАЛДЫҚ ДӘЛІЗ» МУЛЬТИМОДЕЛДІК КӨЛІК ДӘЛІЗІН ҚҰРУ** жөніндегі жобаны іске қосу. Ол Азиядан Еуропаға жүктер транзитін кедергісіз жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Көлік дәлізі: бірінші бағыт – Қазақстан аумағы арқылы Ресей Федерациясына және одан әрі Еуропаға өтеді. Екінші бағыт – Қазақстан аумағы арқылы Қорғастан Ақтау портына дейін, одан әрі Каспий теңізі мен Әзербайжан, содан соң Грузия арқылы. Жобаға болашақта 2014 жылдың аяғында құрылған Азия инфрақұрылымдық инвестициялар банкі тарту.
- 66-қадам.** Халықаралық авиациялық хаб құру. Стратегиялық инвесторды тарту арқылы Алматы іргесінен **ӘЛЕМДІК СТАНДАРТҚА СӘЙКЕС КЕЛЕТІН ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖАҢА ӘУЕЖАЙ** салынатын болады.
- 67-қадам.** **«ЭЙР АСТАНА» ӘУЕ ТАСЫМАЛДАУШЫ ЖӘНЕ «ҚТЖ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯЛАРЫН ІРІ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ОПЕРАТОР РЕТІНДЕ ДАМУ.** «Эйр Астана» халықаралық бағыттарға ыңғайластырылады және әлемнің негізгі қаржы орталықтарына (Нью-Йорк, Токио, Сингапур) жаңа бағыттар ашады. «Эйр Астананың» дамуы «ҚТЖ»-ның баламалы маршруттарды дамыту жөніндегі жоспарымен үйлестіріледі, бұл жүктерді жеткізу құнын екі еседен астам төмендетуге мүмкіндік береді.
- 68-қадам.** Қазақстан арқылы әуе транзитінің тартымдылығын арттыру үшін **ӘУЕ ТАСЫМАЛЫН МЕМЛЕКЕТТІК РЕТТЕУ ТИІМДІЛІГІН** жақсарту. Азаматтық авиация комитетінің қызметі британ азаматтық авиациясы мемлекеттік агенттігінің және ЕО авиация қауіпсіздігі агенттігінің үлгілеріне бағдарланатын болады.
- 69-қадам.** Астананы зерттеушілерді, студенттерді, кәсіпкерлерді, барлық өңірлерден туристерді тартатын **ЕУРАЗИЯНЫҢ ІСКЕРЛІК, МӘДЕНИ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМИ ОРТАЛЫҒЫНА АЙНАЛДЫРУ.** Мұнымен бірге қалада әуежайдың жаңа терминалын қоса алғанда, қазіргі замандық халықаралық көліктік-логистикалық жүйе құрылады.
- 70-қадам.** **ASTANA EXPO – 2017** инфрақұрылымдары арқауында **АРНАУЛЫ МӘРТЕБЕ БЕРЕ ОТЫРЫП, АСТАНА ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАРЖЫ ОРТАЛЫҒЫН (AIFC) ҚҰРУ.** Қаржы орталығының ерекше заңды мәртебесін Конституцияда бекіту. Орталықтың ТМД, сондай-ақ, Батыс және Орталық Азияның барлық өңірлерінің елдері үшін **ҚАРЖЫ ХАБЫ** ретінде қалыптастыру. **ӨЗІНДІК ЗАҢДЫЛЫҚТАРЫ БАР ТӘУЕЛСІЗ СОТ ЖҮЙЕСІН ҚҰРУ,** ол ағылшындық құқық қағидаттарымен қызмет істейтін болады. Судьялар корпусы шетелдік мамандардан құрылады. **БОЛАШАҚТА ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҚАРЖЫ ХАБЫ ӘЛЕМНІҢ 20 АЛДЫҒЫ ҚАТАРЛЫ ҚАРЖЫ ОРТАЛЫҚТАРЫНЫҢ ҚАТАРЫНА ЕНУІ ТІІС.**
- 71-қадам.** Қаржы орталығының даму стратегиясын **КАПИТАЛ НАРЫҚТАРЫНА ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ЖӘНЕ ИСЛАМДЫҚ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ** мамандығына сәйкес әзірлеу. Элиталық қаржы қызметінің жаңа түрлерін, соның ішінде private banking активтерді басқару саласындағы қызметтерді дамыту. Орталыққа либералды салық режимін енгізу. Офшорлық қаржылық орталық құрылуы мүмкін. Дубайдың үлгісі бойынша инвестициялық резиденттік қағидатын енгізу.
- 72-қадам.** Қаржы орталығы аумағында ресми тіл ретінде ағылшын тілін енгізу. Орталықтың дербес заңдылықтары **АҒЫЛШЫН ТІЛІНДЕ ЖАСАЛЫНУЫ ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫЛУЫ** тиіс.



- 73-қадам.** Қаржы орталығының халықаралық көліктік қолжетімділігін қамтамасыз ету. Қаржы орталығының **ЖЕТЕКШІ ҚАРЖЫ ОРТАЛЫҚТАРЫМЕН ЖҮЙЕЛІ ЖӘНЕ ЖАЙЛЫ ӘУЕ ҚАТЫНАСЫ** жүйесін құру.
- 74-қадам.** **ПАЙДАЛЫ ҚАЗБАЛАР ҚОРЫ ЖӨНІНДЕ ЕСЕП БЕРУДІҢ CRIRSCO ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СТАНДАРТТАР ЖҮЙЕСІН ЕНГІЗУ** арқылы жер қойнауларын пайдалану саласының мөлдірлігі мен болжамдылығын арттыру.
- 75-қадам.** Пайдалы қазбалардың барлық түрлері үшін үздік әлемдік тәжірибені пайдалана отырып, **КЕЛІСІМДЕР ЖАСАСУДЫҢ ОҢТАЙЛАНДЫРЫЛҒАН ӘДІСІН** енгізу.
- 76-қадам.** ЕДҰ елдері стандарттарының негізінде адам капиталының сапасын көтеру, **12 ЖЫЛДЫҚ БІЛІМ БЕРУДІ** кезең-кезеңімен **ЕНГІЗУ,** функциялық сауаттылықты дамыту үшін мектептегі оқыту стандарттарын жаңарту. Жоғары сыныптарда жанбасылық қаржыландыруды енгізу, табысты мектептерді ынталандыру жүйесін құру.
- 77-қадам.** Экономиканың алты негізгі саласы үшін **ОН АЛДЫҒЫ ҚАТАРЛЫ КОЛЛЕДЖ БЕН ОН ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНДА** білікті кадрларды әзірлеу, кейіннен бұл тәжірибені еліміздің басқа оқу орындарына тарату.
- 78-қадам.** Назарбаев Университеті тәжірибесін ескере отырып, **ЖОО-ЛАРДЫҢ АКАДЕМИЯЛЫҚ ЖӘНЕ БАСҚАРУШЫЛЫҚ ДЕРБЕСТІГІН** кезең-кезеңімен кеңейту. Коммерциялық емес ұйымдардағы жекеменшік ЖОО-ларын халықаралық тәжірибеге сәйкес трансформациялау.
- 79-қадам.** Білім беру жүйесінде – жоғары сыныптар мен ЖОО-ларда ағылшын тілінде оқытуға кезең-кезеңімен көшу. Басты мақсаты – **ДАЯРЛАНАТЫН КАДРЛАРДЫҢ БӘСЕКЕЛЕСТІК ҚАБІЛЕТІН АРТТЫРУ ЖӘНЕ БІЛІМ БЕРУ СЕКТОРЫНЫҢ ЭКСПОРТТЫҚ ӘЛЕУЕТІН КӨТЕРУ.**
- 80-қадам.** **МІНДЕТТІ ӘЛЕУМЕТТІК МЕДИЦИНАЛЫҚ САҚТАНДЫРУДЫ ЕНГІЗУ.** Мемлекет, жұмыс беруші және азаматтың ынтымақтақсан жауапкершілігі қағидаты негізінде денсаулық сақтау жүйесінің қаржылық орнықтылығын күшейту. Бастапқы медициналық-санитарлық көмекті (БМСК) басымдықпен қаржыландыру. Бастапқы көмек аяғалудың алдын алу және ерте бастан күресу үшін ұлттық денсаулық сақтаудың орталық буынына айналады.
- 81-қадам.** **ЖЕКЕМЕНШІК МЕДИЦИНАНЫ ДАМУ, МЕДИЦИНАЛЫҚ МЕКЕМЕЛЕРГЕ КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУДЫ ЕНГІЗУ.** Бәсекеелестік есебінен қызметтің қолжетімділігі мен сапасын көтеру мақсатында әлеуметтік медициналық сақтандыру жағдайындағы бастапқы медициналық әлеуметтік көмекті қаржыландыру – бәсеке есебінен медициналық ұйымдардың корпоративтік басқару қағидаттарына көшуін қамтамасыз етеді. Мемлекеттік медициналық ұйымдарды жекешелендіруді ынталандыру, мемлекеттік емес ұйымдар арқылы тегін медициналық көмектің келіпдендірілген көлемін беруді кеңейту.
- 82-қадам.** **ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ДАМУ МИНИСТРЛІГІ ҚАСЫНАН МЕДИЦИНАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ САПАСЫ БОЙЫНША БІРЛЕСКЕН КОМИССИЯНЫ ҚҰРУ.** Басты мақсат: медициналық қызмет көрсетудің алдыңғы қатарлы стандарттарын енгізу (емдеу хаттамалары, кадрлар әзірлеу, дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету, сапаны және қолжетімділікті бақылау).
- 83-қадам.** Еңбек қатынастарын ырықтандыру. Жаңа **ЕҢБЕК КОДЕКСІН** әзірлеу.
- 84-қадам.** **ӘЛЕУМЕТТІК КӨМЕКТІ ОНЫҢ АТАУЛЫ СИПАТЫН КҮШЕЙТЕ ОТЫРЫП, ОҢТАЙЛАНДЫРУ.** Әлеуметтік көмек тек оған шынымен зәру азаматтарға ғана берілетін болады. Кірісі төмен еңбекке қабілетті азаматтарға мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек тек олардың еңбекке ықпал ету және әлеуметтік бейімдеу бағдарламаларына белсенді қатысуы жағдайында ғана берілетін болады.



БАРШАҒА АРНАЛҒАН ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ МЕМЛЕКЕТ

IV. БІРТЕКТІЛІК ПЕН БІРЛІК

85-қадам. «МӘҢГІЛІК ЕЛ» патриоттық актісі жобасын әзірлеу.

86-қадам. **ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ АССАМБЛЕЯСЫНЫҢ «ҮЛКЕН ЕЛ – ҮЛКЕН ОТБАСЫ» КЕҢ КӨЛЕМДІ ЖОБАСЫН ӘЗІРЛЕУ ЖӘНЕ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ**, ол қазақстандықтардың біртектілігін нығайтады және азаматтық қоғамның бүтіндігін қалыптастыру үшін жағдай туғызады. Бұл барлық жұмыстар Қазақстан Республикасының туристік саласын дамытудың 2020 жылға дейінгі тұжырымдамасын (ішкі туризмді дамытуды қоса есептегенде) және «Астана – Еуразия жүрегі», «Алматы – Қазақстанның еркін мәдени аймағы», «Табиғат бірлігі және көшпелі мәдениеттер», «Алтай інжулері», «Ұлы Жібек жолын қайта жаңғырту», «Каспий қақпасы» өңірлік мәдени-туристік кластерлерін құруды жүзеге асырумен байланыстырылады.

87-қадам. Азаматтық біртектілікті нығайтудың «МЕНИҢ ЕЛІМ» ұлттық жобасын әзірлеу және жүзеге асыру, оның аясында технологиялық жобалар серияларын іске асыру қарастырылатын болады. Соның бірі – «ҚАЗАҚСТАН ЭНЦИКЛОПЕДИЯСЫ» КЕҢ КӨЛЕМДІ ИНТЕРНЕТ ЖОБАСЫН ҚҰРУ. МҮНДАҒЫ БАСТЫ МАҚСАТ – ӘРБІР АЗАМАТҚА ЖӘНЕ ШЕТЕЛДІК ТУРИСКЕ ЕЛ ТУРАЛЫ КӨБІРЕК БІЛУГЕ КӨМЕКТЕСУ. Порталға Қазақстан бойынша 3D бейне турлары, елдің тарихы мен мәдениеті, қызықты оқиғалары және қарапайым қазақстандықтардың өмірі туралы ақпараттар орналастырылады. Портал бір есептен елдің «сапарнама карточкасына», ұлттық жол көрсетушісіне, қызықты азаматтар үшін ұлттық құрмет тақтасына және виртуалды хабарласу тұғырнамасына айналады.

88-қадам. Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамы идеясын алға жылжыту жөніндегі ұлттық жобаны әзірлеу және жүзеге асыру, ол «НҰРЛЫ ЖОЛ» инфрақұрылымдық даму, **ИНДУСТРИЯЛАНДЫРУДЫҢ** екінші бесжылдығы бағдарламаларын, сондай-ақ, тәуелсіздік жылдарында мемлекеттік саясаттың арқасында еңбек, кәсіпкерлік, ғылым мен білім және басқа да кәсіптік қызметтерде жоғары нәтижелерге қол жеткізген қазақстандықтардың (біздің заманымыздың батырларының) табыстарының дербес тарихын ескере отырып, **ЖАЛПЫҒА ОРТАҚ ЕҢБЕК ҚОҒАМЫ ИДЕЯЛАРЫН ІЛГЕРІЛЕТУГЕ**, индустриаландырудың және «Қазақстан-2050» Стратегиясын жүзеге асырудың мемлекеттік саясаты талаптарына жауап бере алатын жұмысшы және кәсіптік-техникалық мамандықтардың артықшылықтары мен танымалдылығын насихаттауға бағытталады.

89-қадам. «НҰРЛЫ БОЛАШАҚ» ұлттық жобасын әзірлеу және жүзеге асыру. Мектептік білім берудің қолданыстағы оқу бағдарламаларына **МӘҢГІЛІК ЕЛ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫН ЕНГІЗУ**.

90-қадам. Бес институттық реформаны, сондай-ақ, БАҚ-тағы, интернеттегі, бұқаралық ақпараттың жаңа буындарындағы, сондай-ақ, әлеуметтік желілердегі қазақстандық біртектілік идеяларын жүзеге асыруды **АҚПАРАТТЫҚ ҚАМТУ ЖӘНЕ ІЛГЕРІЛЕТУ**.

V. ЕСЕП БЕРЕТІН МЕМЛЕКЕТТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

91-қадам. Мониторингтің, бағалау мен бақылаудың стандартталған және азайтылған ресімдері аясында **МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУДАН НАҚТЫ НӘТИЖЕЛЕР БОЙЫНША МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУҒА КӨШУ**. Тәртіптік бақылау жүйесі тек қана мақсатты индикаторларға қол жеткізуді бақылауға негізделуі тиіс. **РЕСІМДІК СИПАТТАҒЫ БАРЛЫҚ ТАПСЫРМАЛАР МЕН АРАЛЫҚ БАҚЫЛАУ ТАРАТЫЛАТЫН БОЛАДЫ**. Мемлекеттік органдарға олардың алдына қойылған мақсаттық индикаторларға қол жеткізу жөніндегі қызметінде дербестік беріледі.

92-қадам. **МЕМЛЕКЕТТІК ЖОСПАРЛАУДЫҢ ЫҚШАМ ЖҮЙЕСІН ҚҰРУ**. Жекелеген салалық бағдарламалардың мемлекеттік бағдарламаларға интеграциялануымен **МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАЛАР САНЫН ҚЫСҚАРТУ**. САЛАЛЫҚ БАҒДАРЛАМАЛАР, сондай-ақ, мемлекеттік органдардың **СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЖОСПАРЛАРЫ** жойылады. **СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЖОСПАРЛАР** мен аумақтық даму бағдарламасын негізгі мақсатты индикаторлар бөлігінде **ҚАЙТА ПІШІНДЕУ**.

93-қадам. **АУДИТ ПЕН МЕМЛЕКЕТТІК АППАРАТ ЖҰМЫСТАРЫН БАҒАЛАУДЫҢ ЖАҢА ЖҮЙЕСІН** енгізу. Мемлекеттік бағдарламаларды бағалау үш жылда бір рет жүргізілетін болады. Мемлекеттік органдардың нәтижелілігін бағалау стратегиялық жоспарлар бойынша жылма-жыл жүзеге асырылады. «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» Заң қабылдау. Есеп комитеті бірінші сыныпты әлемдік аудиторлық компаниялардың модельдері бойынша жұмыс істейтін болады және ағымдық операциялық бақылаудан кетеді.

94-қадам. «Ашық үкіметті» енгізу. **АҚПАРАТҚА ҚОЛЖЕТІМДІЛІК ТУРАЛЫ ЗАҢДЫ ӘЗІРЛЕУ**, ол мемлекеттік органдар иелігіндегі тек мемлекеттік құпия мен заңмен қорғалатын басқа да ақпараттардан өзге кез келген ақпараттың ашықтығын қамтамасыз етеді.

95-қадам. Мемлекеттік органдар басшыларының халық алдында **СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЖОСПАРЛАР ЖӘНЕ АУМАҚТЫҚ ДАМУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ КӨРСЕТКІШТЕРІН ҚОЛ ЖЕТКІЗГЕНДІГІ ТУРАЛЫ ЖЫЛ САЙЫНҒЫ АШЫҚ БАЯНДАМАЛАР ЖАСАУЛАРЫН** және олардың есептерін ресми веб-сайттарда орналастыруды тәжірибеге енгізу. Ұлттық ЖОО-лар басшыларының өз қызметтері туралы оқушылар, жұмыс берушілер, қоғам өкілдері мен БАҚ алдында жылма-жыл есеп берулерін тәжірибеге енгізу.

96-қадам. **ОРТАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДАРДЫҢ СТАТИСТИКАЛЫҚ БАЗАЛАРЫ** мәліметтеріне **ОНЛАЙН-қолжетімділікті** қамтамасыз ету. Барлық бюджеттік және топтастырылған қаржылық есеп, сыртқы қаржы аудитінің нәтижелері, мемлекеттік саясат тиімділігін бағалау қорытындылары, мемлекеттік қызметтің сапасын қоғамдық бағалау нәтижелері, республикалық және жергілікті бюджеттің орындалуы туралы есеп **ЖАРИЯЛАНАТЫН БОЛАДЫ**.

97-қадам. Өзін-өзі реттеу мен жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту арқылы **АЗАМАТТАРДЫҢ ШЕШІМДЕР ҚАБЫЛДАУ ҮДЕРІСІНЕ ҚАТЫСУ МҮМКІНДІГІН КЕҢЕЙТУ**. **МЕМЛЕКЕТКЕ ТӘН ЕМЕС ҚЫЗМЕТТЕРДІ БӘСЕКЕЛЕСТІК ОРТАҒА** және өзін-өзі реттеуші ұйымдарға беру. Үкімет мемлекетке тән емес және басы артық қызметтерді қысқарту есебінен неғұрлым ықшам бола түседі.

98-қадам. Селолық округ, ауыл, село, кент, аудандық маңыздағы қала деңгейінде **ЖЕРГІЛІКТІ ӨЗІН-ӨЗІ БАСҚАРУДЫҢ ДЕРБЕС БЮДЖЕТІ ЕНГІЗІЛЕТІН БОЛАДЫ**. Облыс орталықтарында және республикалық маңыздағы қалаларда азаматтардың тиісті бюджеттік жобаларын талқылауға қатысуының тетіктері жұмыс істейді.

99-қадам. **МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДАР МЕН ӘКІМДЕР ЖАНЫНДАҒЫ ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕСТЕРДІҢ** стратегиялық жоспарлар мен аумақтық даму бағдарламаларын; бюджеттерді, есептерді, мақсатты индикаторларға қол жеткізуді, азаматтардың құқықтары мен еркіндіктерін қозғайтын нормативтік-құқықтық актілер жобаларын; бағдарламалық құжаттар жобаларын талқылау бөлігіндегі рөлдерін күшейту. **ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕСТЕРДІҢ ӨКІЛЕТТІКТЕРІ** мен мәртебесін заңмен бекіту, мемлекеттік шешімдерді қабылдау ашықтығын арттыру.

100-қадам. Канададағы Canada Service және Австралиядағы Centrelink үлгісі бойынша **МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ БІРЫҢҒАЙ ПРОВАЙДЕРІНЕ АЙНАЛАТЫН «АЗАМАТТАР ҮШІН ҮКІМЕТ» МЕМЛЕКЕТТІК КОРПОРАЦИЯСЫН** құру. Мемлекеттік корпорация халыққа қызмет көрсететін барлық орталықтарды бір жүйеге интеграциялайды. Қазақстан азаматтары **МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕРДІ БІР ЖЕРДЕН** алатын болады. Мемлекеттік қызметті **САПА МЕНЕДЖМЕНТІ ISO 9000 СЕРИЯСЫНА СӘЙКЕС** халықаралық сертификаттау.

ІСКЕ АСЫРУ ТЕТІГІ

• Ел Президенті жанынан жедел түрде құрамы отандық және шетелдік сарапшылардан тұратын, **БЕС ЖҰМЫС ТОБЫНАН** жасақталған жаңғырту жөніндегі **ҰЛТТЫҚ КОМИССИЯ ҚҰРЫЛДЫ**.

• Ұлттық комиссия **БЕС ИНСТИТУТТЫҚ РЕФОРМАНЫ КЕЗЕҢ-КЕЗЕҢІМЕН ОРЫНДАУДЫ КЕЛІСІЛГЕН БАСҚАРУ** бойынша жүзеге асыруы тиіс. Ол мемлекеттік органдардың, бизнес-сектор мен азаматтық қоғамның өзара тиімді іс-қимылын қамтамасыз етеді.

• Ұлттық комиссия **ТҰЖЫРЫМДАМАЛЫҚ ШЕШІМДЕР ҚАБЫЛДАП, ІС-ҚИМЫЛДЫҢ НАҚТЫ ЖОСПАРЫН АЙҚЫНДАУЫ** тиіс. Оның ұсыныстары ел Президенті тарапынан бекітілетін болады. Бекітілген шешімдерді орындау үшін жедел түрде **ПАРЛАМЕНТ ТАРАПЫНАН ЗАҢДАР, ҮКІМЕТ ТАРАПЫНАН ҚАУЛЫЛАР ҚАБЫЛДАНАТЫН БОЛАДЫ**.

• Министрлер мен әкімдердің шешуші бастамаларын тиімді жүзеге асырулары **ҰЛТТЫҚ КОМИССИЯ ТАРАПЫНАН ҚАТАҢ ҚАДАҒАЛАНАТЫН** болады.

• Ұлттық комиссия жанынан **БЕДЕЛДІ ШЕТЕЛДІК САРАПШЫЛАР ҚАТАРЫНАН ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КОНСУЛЬТАТИВТІК КЕҢЕС** жасақтау қажет. Аталған кеңес ұсынымдар жасап, реформаларды орындау **НӘТИЖЕЛЕРІНІҢ ТӘУЕЛСІЗ ЖҮЙЕЛІ МОНИТОРИНГІН** жүзеге асыратын болады.

• Ұлттық комиссияның жұмыс органы етіп **ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІНІҢ КЕҢСЕСІН** айқындау қажет.

АДАМ ЖӘНЕ ҚОҒАМ



ЕРЛІК – ЕЛГЕ МҰРА, ҰРПАҚҚА ҰРАН

Миллиондаған адамның өмірін жалмаған Екінші дүниежүзілік соғыс айрандай ұйып отырған елдердің тыныштығын бұзды, отбасылардың ойранын шығарды. Аяулы аналарды ұлдарынан, асыл жарларды қосағынан айырды. Ал, сұм соғыс салған дақ ұрпақ санасынан ұмытылмауы тиіс.

Осы орайда Переменовка ауылдық

округінде орналасқан мектептерде Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 70 жылдығына арналған ерлік сабақтары, тыл еңбеккерлерімен кездесулер, оларға қамқорлық көрсету, сурет көрмелерін ұйымдастыру, мәдени және спорттық шаралар өткізілді.

Мәдениет Үйінде «Ерлік ұмытылмайды» атты көрме ұйымдастырылды. Осы орайда ерекше ойға оралатыны «Бұл күн – сол бір қанды қырғыннан қайтпай қалған қыршын боздақтардың асқақ рухтарының аспандайтын күні. Бұл күн – әділеттің әділетсіздікті жеңген күні. Бұл күн – бүгінгі ұрпақтың соғыс ардагерлері сыйлаған бейбіт даму жолын одан әрі жалғастырып жатқан күн» деген елбасымыз Н.Назарбаевтың сөздері. Көрмеде Жеңістің 70 жылдығына арналған мағлұматтар, әдеби кітаптар, басылымдар, Бородулиха ауданынан соғысқа аттанған жауынгерлердің суреттері, өмірбаяндары ұсынылған.

Бұл көрме Ұлы жеңіс үшін шайқасқан майдангерлер мен тыл еңбеккерлерінің тарихи ерлігіне, жанкешті еңбегіне деген құрмет көрсетудің нышаны. Көрмені кітапханашы Аққу Тоқтасынқызы ұйымдастырды.



Күннен-күнге қатары селдіреп бара жатқан соғыс және еңбек ардагерлеріне, тыл еңбеккерлеріне мамырдың мамыражай күнінде Даңқ ескерткіші алаңында құрмет көрсету игі дәстүрге айналған.

Жиналғандар бір-бірін мерекемен құттықтап, естелікке суретке түсіп, үлкендердің батасын алып құрметтеп жатты. Еңбек ардагерлері, тыл еңбеккерлері, ауыл әкімшілігі, мектеп мұғалімдері, оқушылары, тағы басқалары Ұлы Отан соғысында, қан-майдаңда қаза болған жауынгер-сарбаздар рухына тағзым етіп, гүл шоқтарын қойып, бір минут үнсіздіктен еске алды. Ресми рәсіммен еліміздің Әнұраны орындалды. Құттықтау сөз ауылдық округтің әкімі – Арман Тұлыбековқа берілді. Өз сөзінде ауыл әкімі: «Құрметті жиналған қауым, сіздерді ҰОС 70 жылдығымен құттықтаймын. Жауынгерлеріміз жаумен айқасып жатқанда, тылда жұмыс істеп, ашаршылықты, ауыртпалықты бастан кешіп, таңның атысынан күннің батысына дейін тізе бүкпей жұмыс істеген қайратты да, қайсар жандарға бүгінгі ұрпақтың ризашылығы шексіз! (жалғасы 12-ші бетте)

АРДАГЕРГЕ ҚҰРМЕТ КӨРСЕТТІ

Жыл сайын көктемде бүкіл ел ұлы мейрам - Жеңіс күнін тойлайды. Биыл халықтың Жеңіске деген құлшынысын дәлелдеген сол бір тарихи күнге 70 жыл толды. Бүгінгі таңда ардагерлеріміздің саны сиреп бара жатыр. Ұлы Жеңіс қарсаңында Бородулиха ауылының салық бөлімінің қызметкерлері бірнеше ардагерлердің үйінде болып, мерейлі мерекемен құттықтады. Солардың бірі Ұлы Отан соғысының ардагері, Астана қаласындағы биылғы салтанатты шеруге қатынасушы Алексей Романович Ломтевтің үйінде болып, жүрекжарды қуанышына ортақтасып қайтты. Олар Алексей Романовичтің Жеңіс күніне арналып ұйымдастырылған салтанатты шеруге қатысу үшін Астанаға жолға дайындалып жатқанының куәсі болды. Салық басқармасының қызметкерлері ақсақалмен жүздесіп, бейбітшілік сыйлаған ардагерлерімізге оларды құрмет тұтып отыратындықтарын айтып,



сыйлықтарын тарту етіп, ақсақалға зор денсаулық тіледі. Алексей Романович соғыс жылдарындағы оқиғаларымен бөлісіп, келгендерге өзінің ақ тілегін жеткізді.

М. БАЛАБАЙҚЫЗЫ

ЕШКІМ ДЕ, ЕШНӘРСЕ ДЕ ҰМЫТЫЛМАЙДЫ!!!

9 мамыр Жеңіс күні - ең әсерлі, ең қастерлі күн! Ұлы Отан соғысындағы жеңіс - біздің халқымыздың жеңісі, халқымыздың даңғы. Соңғы жылдарда біздің тарихымызда қаншама өзгерістер болса да, 9 мамыр - Жеңіс күні - біздің ең қымбат, ең қасіретті, ең қайғылы және ең құдіретті, сонымен қатар ең жарқын мереке ретінде есімізде қалады.

1945 жылғы 9 мамыр... Қасіретті күндер жылдан жылға бізден алыстап артта қалды. Осы Ұлы Жеңіске қандай қиындықпен, қасіретпен жеткеніміз әлі есімізде. Сол бір жылдары соғыс өрті шарпып өтпеген шаңырақ жоқ шығар. Біреудің атасы, біреудің әкесі, ұлы, ері соғысқа аттанды. Біз аталарымыз бен апаларымыздың ерліктерін ұрпақтан ұрпаққа жеткізіп, мәңгі есімізде сақтаймыз.

2015 жылдың 9 мамырында Жерновка ауылының Жеңіс саябағында әскери әндер орындалды. Округ халқы отбасыларымен бірге бабаларымызды еске алып, гүл шоқтарын қою үшін митингке ағылды. Ұлы Жеңістің 70 жылдығына арналған митинг Жерновка

ауылдық округінің әкімі В.Позигуновтың, «Жерновка орта мектебі» КММ-нің директоры Т.Асылхановтың, Ардагерлер кеңесінің төрайымы В.Юкинаның ардагерлерді, тыл еңбеккерлерін, тұрғындарды құттықтаған баяндамаларымен ашылды.

Содан кейін ұстаздар ұжымы мен мектеп оқушылары салтанатты шеруге қатысып, ән орындады. Соңынан оқушылар Ұлы Жеңіске арнаған тақпақтарын айтып, 7-сынып оқушылары «Продедушка» әнін, 8-сынып оқушылары «Жеңіс» әнін, әскери-патриоттық әндер конкурсына қатысқан Тюкина Софья «Кино идет» әндерін орындады.

Соңынан үнсіздік минуты жарияланып, ескерткішке гүл шоқтары қойылды.

Әрбір қалада осы күні мәңгілік алаудың қасына жиналған халық гүл шоқтарын қойып, Отан қорғаушыларымыз бен батырларымызды еске алып, ардагерлерге тағзым етеді. Біздің бейбіт өміріміз үшін, біздің балаларымыз бен немерелерімізге бейбітшіліктің туын сыйлаған үшін мың алғыс айтамыз! Бас иіп, есімдеріңіз бен

Баспасөз хабарламасы ҚАЗАҚСТАННЫҢ ДАМУ БАНКІ ЖЕЛІСІ АРҚЫЛЫ ӨҢДЕУ ӨНЕРКӘСІБІНЕ МЕМЛЕКЕТТІК ҚОЛДАУ КӨРСЕТУДІҢ ШЕҢБЕРІНДЕ 22 ЖОБА МАҚҰЛДАНДЫ



Өңдеу өнеркәсібін Ұлттық қордың бірінші және екінші траншы есебінен (барлығы 100 млрд теңге) екінші деңгейдегі банктер (ЕДБ) арқылы ұзақ мерзімді қаржыландыру аясына жалпы сомасы 17,7 млрд теңгеге 22 жоба мақұлданды. «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ («Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі) АҚ-ның еншілес ұйымы, бұдан әрі Банк, ҚДБ) желісі бойынша бөлінген Ұлттық қор қаражатын игерудің аралық нәтижелері осындай. Жеңілдікті автонесие беру бағдарламасының шеңберінде Даму Банкі жеке тұлғалардан несие алуға түскен 1757 сұранымды 5,6 млрд теңгеге мақұлдады.

Ағымдағы жылдың 14 мамырындағы жағдайда Ұлттық қордың бірінші траншы бойынша (50 млрд теңге), ҚДБ олармен алдында тиісті несие келісімдерін бекіткен коммерциялық банктер өңдеу өнеркәсібінде 28 млрд 491 млн теңгеге 22 жобаны мақұлдады, ал 14 млрд 139 млн теңгеге 16 жобаны қаржыландыру басталды.

Ұлттық қордың екінші траншы бойынша (50 млрд теңге) екінші деңгейдегі банктер 16,1 млрд теңгеге 15 жобаны мақұлдады, 3 млрд 593 млн теңгеге 6 жобаны қаржыландыру басталды.

Мұнда ірі кәсіпкерлік субъектілеріне несие беру туралы айтылып отыр – бір қарызгерді қаржыландыру шегі 200 млн теңгеден 5 млрд теңгеге дейін. Атап айтқанда, келесі жобалар қаржыландырылды: Павлодар облысында түйіршіктеу цехінің құрылысы және ұнтақты полипропилен өндіруге арналған жабдықты сатып алу, Жамбыл облысында экстракциялы фосфор қышқылын өндіру цехін қалпына келтіру, Оңтүстік Қазақстан облысында төсек-орын бұйымдары мен түкті бұйымдарды өндіруге арналған жабдықты сатып алу және оның құрылысы,

Алматы облысында алкогольсіз сусындар өндірісін кеңейту, Қызылорда облысында тұз шығару зауытын жетілдіру, Оңтүстік Қазақстан облысында шыны бұйымдар өндірісін кеңейту, Алматы облысында шойын өндіру зауытының құрылысы, Оңтүстік Қазақстан облысында май өндіретін рафинация цехінің құрылысы,

Алматы қаласында шойын мен болат өндірісіне арналған болат балқытатын пеш сатып алу, Ақмола облысында алтынды кенді қайта өңдеуге арналған жабдықты сатып алу,

Алматы және Ақтөбе облыстарында құрылыс материалдарын өндіруге арналған жабдықты сатып алу, Ақмола облысында пестицидтер мен өзге ауыл шаруашылық химия өндірісіне арналған жабдықты сатып алу,

Алматы облысында полипропилен қаптар өндіруге арналған жабдықты сатып алу.

Нақты игерілген қаражаттың басым бөлігі аймақтап алғанда Алматы облысына келеді - 22% (I транш шеңберінде) және 42% (II транш), салалық сегментте – металлургия өнеркәсібінің жобаларына - 32% (I транш) және 43% (II транш). 2015 жылдың 15 мамырдағы жағдайда агент коммерциялық банктерге (барлығы - 6) Жеңілдікті несие беру бағдарламасының шеңберінде жеке тұлғалардан несие алуға түскен 1757 сұранымды 5,6 млрд теңгеге мақұлдады...

(жалғасы келесі нөмірде)
Ақпарат орталығы



ерліктеріңізді мәңгі есімізде сақтаймыз...

В.ТЮКИНА, Жерновка ауылдық округі

Бәріне белгілі бірінші болып Совет Одағының Мемлекеттік шекарасында жауды қарсы алған шекарашылар болды, олар жаудың күшті соққысына шыдап, кейін қарай шегінбеді. Фашистік жаулап алушылар Мемлекеттік шекараны қорғауда шекарашылардың батылдығын көріп таң қалды. Жасыл фураждағы әскери қызметкерлер өздерінің заставалары мен бекеттерін жау қолына бермей, қасық қандары қалғанша шайқасты.

Сондықтанда 2015 жылғы «Жеңіс эстафетасы» – 1941-1945 жылдар аралығында болған Ұлы Отан соғысында совет халқының гитлерлік фашизмді жеңгеніне 70 жыл толуына арналады, бұл күн – соғыс даласында қалған жауынгерлерді еске алу күні. «Жеңіс эстафетасын» ұйымдастыру барысында ТМД елдері арасында тарихта қалған бірлік пен достастық нығая түсті және Мемлекеттік шекараны күзетуге зор мән берілуде.

2015 ЖЫЛ: «ЖЕҢІС ЭСТАФЕТАСЫ» ҚАЗАҚСТАНДА

2015 жылғы «Жеңіс Эстафетасы» 2 ақпанда Мурманск (Ресей) және Брест қалаларында (Белоруссия) екі бағдармен басталды. Біріншісі Ресей Федерациясының солтүстік, шығыс және оңтүстік оңірлерінен өтіп Қазақстан арқылы Қырғызстан, Тәжікстан, Өзбекстан, Түрікменстан, Әзербайжанда болып Мәскеу қаласына келеді, екіншісі Белорусияның батысымен оңтүстік шекарасы бойымен Қырым, Абхазия, Карачаево-Черкесия, Кабардино-Балкария,Ингушетия, Чечня, Солтүстік және Оңтүстік Осетия, Армениядан өтіп Мәскеу қаласына келеді. Жеңістің символын Белорусия, Қырым, Абхазия, Карачаево-Черкесия, Кабардино-Балкария, Ингушетия, Чечня, Солтүстік және Оңтүстік Осетия, Армения, Архангельск, Чукотка, Камчатка, Магадан, Сахалин, Приморье, Хабаровск, Еврей автономдық облысы, Забайкалье, Бурятия, Тува Алтай өңірі және Моңғол халықтары көріп үлгерді.

2015 жылдың 21 сәуірінде «Жеңіс Эстафетасы» Шемонайха ауданының маңында орналасқан «Уба-автокөліктік» бақылау өткізу бекетіне келіп жетті. «Жеңіс эстафетасын» Қазақстан жеріне жеткізген Ресей Федерациясының ФҚК шекара қызметі Барнауыл аймағы бойынша өкілі, полковник Александр Кайгородов және ардагерлер ұйымының өкілі Е.Щетинин. «Жеңіс Эстафетасына» арналған мерекелік іс-шаралар Өскемен қаласының Даңқ мемориалында өтіп, ҰҚК Шекара қызметінің ансамблінің концертмен жалғасын тапты. Іс-шаралар қалалық әкімшіліктің, «Нұр Отан» партиясының қолдауымен, ҰҚК департаменті, прокуратура және облыстық ІІД, «Шығыс» өңірлік басқармасы, Өскемен қаласының әскери техникалық мектептері, ШҚО мемлекеттік университеті, қоғамдық ұйымдардың қолдауымен жүргізілді. 2015 жылғы Жеңіс Эстафетасы Қазақстан Ре-

спубликасында – Өскемен қаласында бастау алды. Мереке іс-шараларда Өскемен қаласының әкімі Т.Касымжанов, ҰҚК Департаментының бастығы полковник А.Ақшаев, ШҚО ІІД бастығы полковник Ж.Бактыбаев, облыс прокуроры және әскери прокуроры майор Е.Бетекбаев, Шығыс Өңірлік басқармасы генерал-майор Б.Абжанов, ҰОС ардагерлері шекарашылары Г.Борзых, И.Круглик, Ф.Нукушев, Ауған соғысы ардагерлері ұйымының төрағасы С.Денякин, Қорғаныс министрлігінің әскери техникалық мектебінің бастығы полковник К.Мукашев, ҰҚК Шекара қызметінің «Застава тарландары» ардагерлер ұйымының өкілдері, 5518, 27943, 3374 әскери бөлімдерінің өкілдері мен ардагерлері, ҚР ҰҚК Шекара қызметінің

ардагер қонақтары А.Брекешев, Н.Сармантаев, Б.Ғабдуллин, К.Несипбаев, А.Абылкановтардың қолдауымен ұйымдастырылды.

«...Бұл үлкен іс. Біз сұрапыл соғыста жеңіске жеттік, сондықтан соғыс батырларын, олардың батылдықтарын ешқашанда ұмытпауға тиіспіз. Эстафетаның басты міндеті ТМД елдері арасында бірлік пен достастықты нығайта түсу және жас ұрпақтарға патриоттық тәрбие беру», –деп атап өтті Қазақстан Республикасының ҰҚК Шекара қызметінің басшысы. Өскемен қаласының әскери гарнизонының әскери оркестрі салтанатты шерумен ән салып өтіп «Жеңіс Эстафетасын» ары қарай жолға шығарып салды. «Жеңіс Эстафетасы» Қазақстан Республикасының астанасы – Астана қаласына қарай бет алды. Ары қарай 2015 жылғы «Жеңіс Эстафетасы» – Алматы, Кордай, Тараз қалаларын аралап, Қырғызстан Республикасы аумағымен, Өзбекстан, Тәжікстан, Түркмения, Азербайжан Республикаларын аралап, 2015 жылдың 28 мамырында Мәскеу қаласына қайтып оралады.

Іс-шаралар толық аяқталған соң, «Жеңіс эстафетасының» символы Ресей Федерациясының Федералдық Қауіпсіздік Қызметінің Шекара қызметі мұражайына, ал екіншісі – Мәскеу қаласындағы Ұлы Отан соғысы мұражайына қойылады.

ҚР ҰҚК Шекара қызметінің 2034 әскери бөлімі

ЭТНОС ЖАСТАРЫ АРАСЫНДАҒЫ АУДАНДЫҚ «АБАЙ ОҚУЛАРЫНЫҢ» ЕРЕЖЕСІ

Бородулиха ауданының мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі мемлекеттік тілдің қолдану аясын кеңейту және Абай шығармашылығын насихаттау арқылы қазақ мәдениетіне, тілі мен әдебиетіне деген өзге ұлт өкілдерінің ықыласын арттыру, әрі еліміздің рухани бірлігін нығайту мақсатында этнос жастары арасында аудандық «Абай оқуларын» өткізеді.

Байқау қазақ тілінде өтеді.

Байқаудың міндеттері:

- Қазақ тілінің көркемдік келісімін, бай қорын Абай шығармалары арқылы насихаттау;
- Абай шығармалары негізінде қоғамдық ынтымақтастықты орнықтыру;
- Абай шығармалары арқылы көркемсөз оқу шеберлігін, тіл мәдениетін жетілдіру;
- Абай шығармаларын тіл үйренудің тиімді әдісі ретінде таныту.

Байқау шарты:

- Байқауға көркем сөз оқу және ән айту шеберлігін қатар игерген 16 – 22 жас аралығындағы өзге ұлт өкілдері қатыса алады.

Аудандық байқаудың өткізілетін уақыты: 2015 жылдың 25 маусымы.

Абай оқуларының тапсырмалары:

- Көркем сөз оқу шеберлігін айқындау:
 - Абай шығармаларын (білім, ғылым, және өнер тақырыптарына өрілген поэзиялық шығармасын немесе қара сөзін) жатқа мәнерлеп оқу. Орындау уақыты 3 – 5 минуттан аспауы керек;
 - М.Әуезовтың «Абай жолы» романынан үзіндіні көркем шеберлікпен жатқа орындау. Берілетін уақыт 3 – 5 минут;
 - Әншілік қабілетін таныту:**
 - Халықтың немесе Абайдың әнін орындау (1 ән). Орындау уақыты 3 – 5 минуттан аспауы тиіс.
- Байқау екі кезеңде өтеді.
- Бірінші кезең – аудандық іріктеу байқауы
- Екінші кезең – облыстық байқау.
- Аудандық байқаудың жеңімпазы облыс көлемінде тамыз айында өткізілетін Абай оқуларына жолдама алады.

Үміткерлердің өнерін бағалау кезінде:

- көркем мәтінді талғау және оқу шеберлігіне;

- қазақ тілінде орфоэпиялық нормаларын сақтап сөйлеуіне;

- ән орындау шеберлігіне;

- сахналық өнер көрсету мәдениетіне және қазақтың ұлттық киім үлгісіне назар аударылады.

Байқау жеңімпаздары аудан әкімінің грамотасымен және бағалы сыйлықтармен марапатталады.

Қатысушылардың қазақтың ұлттық киімінде өнер көрсетуі міндетті.

ЕСКЕРТУ: Аудандық байқауға қатысу туралы өтінім 2015 жылғы 19 маусымға дейін төмендегі үлгі бойынша мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөліміне тапсырылуы тиіс.

Аты-жөні, төгі	Туған жылы, айы, күні	Жұмыс (оқу) орны, телефоны	Ұлты	Төлқұжат нөмірі, берілген күні	Ауылдық округ атауы	Орындайтын шығармасы
----------------	-----------------------	----------------------------	------	--------------------------------	---------------------	----------------------

Бородулиха ауданының мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі.

Байланыс телефоны/факс: 2-14-26

E-mail: borotdelkult@mail.ru

КӨҢІЛ АЙТУ

Ұлы Отан соғысының ардагері **НИКУЛЬШИНА НИНА ФЕДОРОВНАНЫҢ** қайтыс болуына байланысты туған туыстары мен жақындарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтамыз.

Аудан әкімінің аппараты, аудандық мәслихат аппараты, Ардагерлер кеңесі

КӨҢІЛ АЙТУ

Бородулиха ауылының тұрғыны, Ұлы Отан соғысының ардагері **НИКУЛЬШИНА НИНА ФЕДОРОВНАНЫҢ** өмірден өтуіне байланысты туған туыстары мен жақындарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтамыз.

Бородулиха ауылдық округі әкімінің аппараты, ауылдық ардагерлер кеңесі

«ПОЛИГЛОТ» ЗИЯТКЕРЛІК САЙЫСЫ

«Тілдердің үштұғырлылығы» мәдени жобасын және ҚР Тілдерді дамыту және қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында жуырда Бородулиха аудандық мемлекеттік және басқа тілдерді оқыту орталығында ағылшын тілінің оқытушысы Виталий Лагус пен қазақ тілінің оқытушысы Арай Оразғалиқызының ұйымдастыруымен «Полиглот» атты зияткерлік конкурсы болып өтті. Конкурсқа Бородулиха ауданының жалпы білім беретін мектептерінің 8-10 сынып оқушылары арасынан 4 команда қатысты. Олар: Новопокровка ОМ, жалпы білім беретін Бородулиха қазақ орта мектебі, Абай атындағы ТОМ, В.Комаров атындағы ОМ. Сайыс 2 кезеңнен тұрды. Әр кезең 3 тапсырмадан құралды. Бірінші кезең бойынша сайыскерлер тест сұрақтарына жауап беріп, жұмбақтар шешіп, мақал-мәтелдерді 3 тілде жалғастырды. Ал, екінші кезең тап-



сырмалары бойынша оқушылар берілген сұрақтарға жылдам жауап беріп, мәтіндерді үш тілге аударды, және соңғы сайыс капитандар сайысы болды. Сайысқа қатысушылар әр берілген тапсырмаға тиянақты дайындалып, белсенді түрде жауап беруге тырысты. Сайысқа төрелік ететін қазылар алқасы сайланып, оның құрамына мемлекеттік және басқа тілдерді оқыту орталығының директоры Ильяшева Гулмира Бақдаuletқызы, ағылшын тілі пәнінің оқытушысы Савченко Татьяна Георгиевна, орыс тілі пәнінің мұғалімі Булычева Екатерина Александровна, мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің сектор меңгерушісі Байжұманова Әйгерім Нуrolлақызы кірді. Конкурс қорытындысы бойынша жалпы білім беретін Бородулиха қазақ орта мектебінің командасы Маратова Аяжан мен Касенбаева Еркеназ дара шығып, бірінші орынды иеленді. Екінші орынды В.Комаров атындағы орта мектебінің оқушылары Меньщикова Екатерина мен Бакирланов Руслан, үшінші орынды Новопокровка орта мектебінің командасы Воронин Виталий мен Муканова Мадина иеленді. Барлық қатысушылар мақтау қағаздары және сыйлықтармен марапатталды. Өскелең ұрпақтың үш тілді: қазақ тілін – мемлекеттік тіл, орыс тілін ұлтаралық қатынас тілі және ағылшын тілін халықаралық тіл ретінде оқып үйренуге ұмтылыс жасауы – замана талабы. Үштұғырлы тіл өмірдің қажеттілігі. Бұл бүгінгі елдің тыныс-тіршілігін анықтайды. Үш тілді қатар меңгеру бәсекеге қабілетті ел азаматының міндеті. Үштілді меңгеру – жарқын болашақтың кепілі.

М.ТҮЙЛЕБАЕВА

ЖЕРЛЕСІМІЗ ЕРЛЕДІ

Ұлан ауданында мамырдың 4-і мен 8-і аралығында 2002, 2003, 2004, 2005 жылдары туылған жасөспірімдер арасында бокстан Ұлы отан соғысының батыры Қасым Қайсеновты еске алу турнирі болып өтті. Осы жарысқа аудан жаттықтырушылары Е.Сүлейменов пен Қ.Оразбаевтың шәкірттері қатысып қайтты. «Жарыс өте тартысты әрі қызықты өтті», - дейді сайыскерлер. Ауданымыздың намысын қорғап барған боксшыларымыз Д.Серікбаев ІІ орын, Е.Жұмансаринов ІІІ орын, Б.Нұржігітов ІІІ орын, Р.Төлеуханов ІІІ орын, А.Серікқан ІІІ орындарды иеленді. Дәл осындай жарыс Өскемен қаласында болып ІІІ орынды С.Қайратов қанжығасына байлады. Алдағы болатын жарыстарға аттанатын боксшыларымызға жеңістің тұғырынан көріне беріндер деп тілек білдіреміз.

Т.ҚАЛИБАЕВ

БАЛАБАҚШАҒА КЕЗЕК НӨМІРІН ҚАРАУ

Қазіргі уақытта баланы балабақшаға кезекке қойғанан кейін www.egov.kz порталы арқылы кезектің нөмірін қарауға болады. Бұл үшін порталда «Отбасы» - «Балабақшаға кезек нөмірін қарау» сілтемелері арқылы өтіп, «Онлайн қызметке тапсырыс» батырмасын басу керек. Ашылған бетте өтінімді толтыру қажет. Облыс және баланың ЖСН немесе тегін, атын, қосымша туған күнін енгізу қажет. «Суранысты жіберу» батырмасын басып, батырманы басқаннан кейін кезек нөмірі туралы мәліметтер бірден пайда болады.

Қызметті алушылар: ҚР азаматтары

Қызмет көрсету орны: www.egov.kz порталы және eGov.kz мобильді қосымшасы

Қызмет көрсету мерзімі: өтініш берген сәтінде

Қызмет көрсету нәтижесі: балабақшаға баланың кезегінің нөмірін қарау

Егер де үйіңізде ғаламтор болмаған жағдайда ХҚКО-на келіп «өзіне-өзі қызмет көрсету секторынан» кеңес алуға болады.

А.АКИМБАЕВА, «ХҚКО» РМҚ ШҚО бойынша филиалының Бородулиха аудандық бөлімінің инспекторы

Аудан тынысы

8 № 42-43 (551-552) 22 мамыр 2015 жыл

БИЛІК МІНБЕРІ

Бородулиха ауданының әкімдігі, мемлекеттік, банктік мекемелер және қоғамдық қызмет көрсету қызметкерлерінің аудандық кәсіподақ ұйымы, білім және ғылым қызметкерлерінің аудандық кәсіподақ кеңесі, денсаулық сақтау қызметкерлерінің кәсіподақ комитеті, Жезкент КБК бастапқы кәсіподақ ұйымы, Шығыс Қазақстан облысының кәсіпкерлер палатасы Бородулиха филиалы арасындағы 2015-2017 жылдарға арналған КЕЛІСІМІ

Осы келісім әлеуметтік әріптестік пен әлеуметтік және еңбек қатынастарын реттеу туралы Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің, «Кәсіптік одақтар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінің негізінде жасалды және қызметкерлер үшін еңбек жағдайларын, жұмыспен қамту және әлеуметтік кепілдіктерді белгілеу жөніндегі тараптардың міндеттемелерін айқындайтын құқықтық акт болып табылады.

Әлеуметтік әріптестік тараптары: Бородулиха ауданының әкімдігі (бұдан әрі - әкімдік), жұмысшылардың өкілетті өкілі - мемлекеттік, банктік мекемелер және қоғамдық қызмет көрсету қызметкерлерінің аудандық кәсіподақ ұйымы, білім және ғылым қызметкерлерінің аудандық кәсіподақ Кеңесі, денсаулық сақтау қызметкерлерінің кәсіподақ комитеті, Жезкент КБК бастапқы кәсіподақ ұйымы (бұдан әрі - кәсіподақ), жұмыс берушілердің өкілетті өкілі - Шығыс Қазақстан облысының кәсіпкерлер палатасы Бородулиха филиалы (бұдан әрі - жұмыс беруші) болып табылады.

Тараптар :

- Қазақстан Республикасының заңнамасын және Қазақстан Республикасы бекіткен ХЕУ-ың Конвенцияларын мүлтіксіз сақтау. «Қазақстан-2050» стратегиясын орындаудың ортақ жауапкершілігі және оның жергілікті жерде жүзеге асырылуына ықпал жасау;

- жұмысшылар мен жұмыс берушілердің еңбек құқығы мен әлеуметтік-экономикалық мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету ісінде сындарлы өзара іс-әрекет ету, қоғамдағы келісім мен тұрақтылықты сақтау принциптерін басшылыққа ала отырып, осы Келісімді жасасты.

Келісім өнеркәсіп және ауылшаруашылық өндірістерін, еңбекшілердің әлеуметтік және құқықтық қорғалуын ары қарай дамыту және олардың өмір сүру деңгейлерін жоғарылату үшін қажетті жағдайлар туғызуға бағытталған.

1.АЙМАҚТАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК ӘРІПТЕСТІК ПЕН ДИАЛОГТЫҢ ДАМУЫ

1.1.Тараптар аудандық Келісімдерді, барлық меншік нысандықтағы кәсіпорындарда, ұйымдар мен мекемелерде ұжымдық шарттарды жасауды міндетті деп санайды, әлеуметтік әріптестіктің қағидаттарын дамытатын ұжымдарға жан-жақты қолдау көрсетуге міндеттенеді (тараптар).

1.2.Осы Келісімге енгізілген міндеттер мен кепілдіктер ең төмені болғандықтан, еңбекшілердің әлеуметтік және экономикалық қорғалуын төмендету жағына өзгертілмейді (тараптар).

1.3.Осы Келісімге қол қойған Тараптар өз өкілеттері көлемінде 2015-2017 жылдарға бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметі, кәсіподақтардың республикалық бірлестіктері және жұмыс берушілердің республикалық бірлестіктері арасында жасалған Бас Келісімдегі белгіленген міндеттерді қабылдайды (тараптар).

1.4.Еңбек қатынастары саласындағы әлеуметтік әріптестіктің рөлін ары қарай арттыруға, кешенді және жүйелі түрде оның құқықтық, экономикалық және ұйымдастырушылық негіздерін жаңғырту ғана емес, сонымен қатар қоғамның дамуына сәйкестігін жүзеге асыруға.

Жұмысшылар мен жұмыс берушілер бірлестігі әр жылдың наурыз айынан кешіктірмей, ұжымдық шарттардың жасалуының қамтамасыз етілуіне керекті шараларды қабылдайды (кәсіподақтар, жұмыс берушілер).

1.5.Аудандық Келісімдер мен ұжымдық шарттардың міндеттемелерін жүзеге асыратын, әлеуметтік серіктестік жүйесінде жұмыс істейтін кәсіпорындар мен ұйымдарға қолғабыс ету (тараптар).

1.6.Аудандық әлеуметтік серіктестік бойынша 3- жақты Келісімнің тараптары ұжымдық шарт жасауға, жыл сайынғы еңбек ұжымдарының жиналыстарында, конференцияларында оны қорытындылауға міндетті (тараптар).

1.7.Кәсіпорындар мен ұжымдар деңгейінде ұжымдық шарттарға қол қоюға құқығы барлар: жұмыс берушілер, кәсіподақ ұйымдары органдары, олардың бірлестіктері, еңбек ұжымдарының өкілдері болып табылады (жұмыс берушілер, кәсіподақ ұжымдары).

1.8.Аудандық және салалық Келісімдер, ауданның кәсіпорындарында, ұйымдары мен мекемелерінде ұжымдық шарттар жасауға практикалық және методикалық көмек жасау.

2.ЭКОНОМИКАЛЫҚ САЯСАТ САЛАСЫНДА

Аймақтағы бағдарламалық және стратегиялық құжаттарды қарау тәртібі

2.1.Аудандық негізгі бағдарламалық және стратегиялық құжаттардың жобасын әлеуметтік серіктестермен келісуде бірлескен іс-қимылдарды жүзеге асыру.

Тараптар ауданның әлеуметтік-экономикалық даму жоспарларының бағдарламалық және стратегиялық құжаттарына ұсыныстарды бірлесіп даярлайды және оларды тиісті уәкілетті органдардың қарауына шығарады (тараптар).

Тараптардың жасаған ұсыныстарын аудандық әлеуметтік серіктестік бойынша 3- жақты комиссиясы, құзырлы органға қарауына берердің алдындағы 10 күндік мерзімде қарайды (тараптар).

2.2. Экономикалық мүмкіндіктердің дамыту программасын жүзеге асыру арқылы, 2014 жылдың деңгейіне қарағанда, өнеркәсіп өндірісі көлемінің 21 % кем емес, ауылшаруашылық өнімдерінің 6 % өсуін қамтамасыз ету (әкімдік, жұмыс берушілер).

2.3. Қазақстан Республикасындағы мақұлданған құқықтық саясатының тұжырымдамасына сәйкес, банкроттыққа ұшырауға жол бермеу мақсатында, өңір үшін экономикалық және әлеуметтік маңызды, уақытша қиындықты басынан кешіріп жатқан барлық меншік түріндегі кәсіпорындардың базалық деректемелерін жүргізу. Келешегі жоқ өндірістік кәсіпорындар тізбесін айқындау, оларды бәсекеге қабылетті өнім шығаруға қайта бейімдеу бағдарламаларын әзірлеу және барлық меншік түріндегі аудандық тауарөндірушілердің банкроттыққа ұшырамауы үшін қолдау шараларын іске асыру, банкроттықты төмендету мүмкіндігін беретін ұсынымдарды дайындау (әкімдік, жұмыс берушілер).

2.4. Құқықтық мәдениетті жоғарылату, сондай-ақ Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаларын мінсіз сақтау мақсатында еңбек құқық бұзушылықтарды реттеу жөніндегі кез-келген нысанда (лекциялар, семинарлар, тұсаукесерлер) үнемі

консультациялар өткізу (тараптар).

2.5. Келісімге енгізілген проблемалар, өзге де әлеуметтік-экономикалық мәселелер бойынша қабылданған шешімдер және нормативтік актілер жөнінде бір-бірін ресми түрде ақпараттандыру (тараптар).

2.6. Өзара тараптар өкілдерінің Келісімге енгізілмеген, бірақ өзара мүдделілікті білдіретін түйінді мәселелер бойынша барлық деңгейдегі мәселелерді қарастыруға қатысу мүмкіндігін қамтамасыз ету (тараптар).

2.7. Еңбек ұжымдарын өндірісті тұрақтандыру жөніндегі шараларды қолдауға, онды қаржылық нәтижелерге қол жеткізуге, жаңа технологияларды енгізуге жұмылдыру.

Еңбек ұжымдары қызметкерлерінің еңбек тәртібін нығайту, өндірілетін өнімнің өнімділігі мен сапасын арттыру жөнінде жұмыс жүргізу (кәсіподақтар, жұмыс берушілер).

2.8.Еңбек қатынастары мен әлеуметтік-экономикалық мәселелерге байланысты сұрақтарды қарау үшін, басқарма органы мен бөлімдері алқалық органдарының құрамына тиісті кәсіподақ органдары мен жұмыс берушілердің өкілдерін қосу (әкімдік).

2.9. Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» Жолдауын іске асыру бойынша жұмыстар жүргізу (тараптар).

2.10. Шаруашылық субъектілерінің қалыптасу дамуына экономикалық қауіптер туындаған жағдайда, жұмысшылардың еңбек құқықтары мен кепілдіктерін қамтамасыз ету үшін меморандумдар және мониторингтеу жұмыстарын жүргізу (тараптар).

2.11.Қаржылық-экономикалық тоқыраудың салдарына байланысты шұғыл жағдайлардан басқа жағдайларда, жұмысшылардың жаппай босатылуына жол бермеу (жұмысшылардың жалпы санының 10% артық). Жұмысшыларды босатуды Қазақстан Республикасы заңнамаларының талаптарының қатаң сақталуымен жүзеге асыру. Өзара кеңес негізінде, босатылған жұмысшыларды жұмысқа орналастыру бойынша қаржыландыру көздерін айқындап, шұғыл іс-шаралар бағдарламасын жасау (тараптар).

3. ЕҢБЕКАҚЫ ТӨЛЕУДІ РЕТТЕУ ЖӘНЕ ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУ

3.1.Жұмысшыларға еңбекақыны уақтылы және толық көлемде төлеуді қамтамасыз ету. Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 134-бабының 2-тармағына сәйкес, қызметкерге тиісті кезеңдегі тиесілі жалақының құрамдас бөліктері, жүргізілген ұстап қалулардың мөлшерлері мен негіздері туралы, оның ішінде ұстап қалынған және аударылған міндетті зейнетақы жарналары туралы, сондай-ақ төленуге тиісті жалпы ақша сомасы туралы мәліметтерді жаз-баша түрде ай сайын хабардар ету. Қазақстан Республикасы Еңбек Кодексінің 134-бабының

4-тармағына сәйкес, жалақыны және қызметкермен еңбек шартын бұзуға байланысты өзге де төлемдерді төлеу жұмыс берушінің кінасінен кешіктірілген кезде, жұмыс беруші қызметкерге берешек пен өсімақыны төлейді (жұмыс берушілер).

3.2. Бар күшті еңбекақы және БХЗҚ-ға зейнетақы төлемдері бойынша қарыздарды жоюға бағыттау (тараптар).

3.3. Жұмыс берушілерге экономикалық мүмкіндіктері болған жағдайда, жылсайынғы орташа айлық еңбекақының өсуін инфляция деңгейінен төмен емес мөлшерде қамтамасыз ету. 2017 жылдың аяғына дейін, экономикалық мүмкіндіктері болған жағдайда, 2014 жылға қарағанда экономиканың нақты секторында - еңбекақының 19% кем емес өсуін қамтамасыз ету (жұмыс берушілер, кәсіподақтар). Бұл сұрақты жылсайын қарау.

3.4. Еңбекшілерге еңбекақы төлеуіне қарай, олардың жеке келісімінің негізінде, бухгалтерия арқылы кәсіподақ комитеттерінің есеп шоттарына мүшелік кәсіподақтық жарналарды ай сайын аудару (жұмыс берушілер).

3.5. ҚР Еңбек кодексінің 105-бабының 5-тармағына сәйкес, өндірістік және бюджет саласындағы қызметшілердің еңбек демалысының төлемін толық көлемде жүргізу (әкімдік, жұмыс берушілер).

3.6. Ұжымдық шарттар мен келісімдерге сәйкес, зиянды және қауіпті еңбек жағдайларында жұмыс істейтін қызметкерлерге заңнамаға сәй қосымша жеңілдіктер мен өтемақылар беру (жұмыс берушілер, кәсіподақтар).

3.7.Ауданның кәсіпорындары мен ұйымдарында еңбек, жұмыспен қамту, еңбекті қорғау туралы заңнамаларды сақтауды қамтамасыз етуге бағытталған бірлескен жұмыстарды өткізу (тараптар).

3.8. Негізгі еңбекақы көлемін төмендету есебінен еңбекке ақы төлеудің дәстүрлі емес түрлерін (заттай төлеу) төлеуге жол бермеу (жұмыс берушілер).

3.9. Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 339-бабының 1,3-тармақтарына және 340-бабына сәйкес, өндірістік ұйымдарда еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау бойынша ішкі бақылауды ұйымдастыруды қамтамасыз ету. Саны 50-ден астам жұмысшылары бар жұмыс беруші, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау қызметін құрады, ал жұмысшылар саны 50-ге толмағанда, еңбекті қорғау және еңбек қауіпсіздігі бойынша маман лауазымын енгізеді (жұмыс берушілер, кәсіподақтар).

3.10.Кәсіпорындар мен ұйымдарда еңбекті қорғау мен еңбек қауіпсіздігі техникасының Халықаралық стандартын енгізу бойынша жұмыстар жүргізу (жұмыс берушілер).

3.11. Қауіпсіз және салауатты еңбек жағдайларын қалыптастыру бойынша талаптарды толық қамтамасыз ету мақсатында, жұмыс берушілердің қаржысы есебінен, еңбекті қорғау және еңбек қауіпсіздігі, кәсіптік аурулардың алдын алу жөніндегі іс-шараларды қаржыландыруды қарастыру (жұмыс берушілер, кәсіподақтар).

3.12. Ұжымдық шартқа сәйкес, еңбекті қорғау жөніндегі қоғамдық инспекторларға жүктелген міндеттерді орындау үшін, ақылы жұмыс уақытын беру (жұмыс берушілер).

3.13. Жұмыс беруші өз қаражаты есебінен, денсаулық сақтау органдары белгілеген тәртіпте, зиянды, қауіпті және қолайсыз өндірістік факторлар әсер ететін жағдайларда жұмыс істейтін қызметкерлерін, міндетті түрдегі мезгілді медициналық тексерулерден өткізеді (жұмыс берушілер).

3.14.Бюджет саласындағы қызметкерлерді ақысыз медициналық тексерулерден өткізуге, жергілікті бюджеттен қаражаттар қарастыру (әкімдік).

3.15. Аудандық салалық кәсіподақтар (жоғарғы кәсіподақ органдары), аудан кәсіпорындары мен ұйымдарында олардың құрылымдарындағы мекемелерде, еңбек заңнамасының сақталуына қоғамдық бақылау жүргізуге құқылы (кәсіподақтар).

3.16. Кәсіпорындар мен ұйымдарда, міндетті түрде барлық қызметкерлерді еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері жөнінде оқыту және еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау бойынша білімін тексеру. Кәсіпорын есебінен еңбекті қорғау бойынша комиссия мүшелерін, еңбек қорғау бойынша қоғамдық инспекторларды оқыту (жұмыс берушілер, кәсіподақтар).

3.17. Аудан әкімдері, кент, ауыл, ауылдық округтер әкімдері, ауыл шаруашылық құрылымдарындағы жұмысшыларды еңбек шартынсыз жұмысқа қабылдау фактілері туралы, мемлекеттік еңбек инспекциясы және мемлекеттік кіріс органдарына хабарлауға міндетті (әкімшілік).

Әлеуметтік-еңбек қақтығыстары мен кикілжіңдерінің алдын алу және ескерту шаралары.Еңбек дауларындағы жұмыс беруші мен жұмысшылар өкілдерінің дауды тоқтатуға атсалысуы

3.18. Тараптар әлеуметтік-еңбектік қақтығыстар мен кикілжіңдердің алдын алу және ескерту шараларын шешу кезінде, нақты араласып, келесі алгоритмді іске асырады:

- азаматтардың еңбек саласындағы құқықтарын талдап, мониторинг жасау;

- жұмыс берушілердің (жалақы төлеуден қарыздары бар) қарыздарды төлеу графигін және міндеттелген іс-шараларды атқаруы;

- ұжымдағы моральды-психологиялық ахуалдығы жұмыс берушілердің жауапкершілігін күшейту;

- еңбек қатынастары саласындағы бар және пайда болған түйткілді мәселелерді шешу үшін, тәжірибелік, ұйымдастырушылық және заңды бағыттағы келісілген ұсыныстар жасау;

- тараптар қолындағы ақпараттық, құқықтық, ғылыми және ұйымдастырушылық ресурстарды пайдалана отырып, еңбек дауларының алдын-алу үшін, жоспарлы және бірлескен шаралар өткізу;

- әлеуметтік және еңбек қатынастарын реттеу және аймақтық үш жақты әлеуметтік аудандық комиссиясының, дағдарысқа қарсы штабтың отырыстарында, мемлекеттік органдардың қатысуымен, атқарылған жұмыстардың нәтижелерін үнемі қарауға (тараптар).

3.19. Ай сайын, әлеуметтік әріптестік тараптар, даулы жағдайлардың жоғарғы ықтималдығы бар кәсіпорындардың ұжымымен жұмыстық кездесулер өткізу;

3.20.Дау бола қалған жағдайда, тараптар жедел түрде наразылық шаралары өтіп жатқан жерге жетіп, себептерін анықтап, дауды тоқтатудың жолдарын қарастырып, ұжымға түсіндірме жұмыстарын жүргізеді.Қажет болған жағдайда, прокуратура органдарымен бірлесі отырып, жоспардан тыс тексеру жұмыстарын жүргізеді. Бұзылушылықтар анықталған кезде, жұмыс берушіге тиісті шаралар қолданылады (тараптар).

3.21. Аудандық салалық кәсіподақтар бірлестігі, ШҚО Кәсіпкерлер палатасымен аудандық филиалы бірге, жұмыс берушілер үшін еңбек ұжымдарындағы әлеуметтік-еңбектік жанжалдарын шешу жолдары туралы лекциялар оқуға арнайы мамандар, психологтар мен конфликтологтар шақырытып, семинарлар өткізіп тұрады (кәсіподақтар,кәсіпкерлер).

Кәсіподақ мүшелері мен кәсіподақ активтері үшін оқуды салалық кәсіподақтар бірлестіктері ұйымдастырады (кәсіподақтар).

Ұжымдық еңбек дауларын шешу және алдын алу бойынша Кеңесті құру мен атқаратын қызметін анықтау реті

3.22.Тараптар тепеңдік негізде ұжымдық еңбек дауларын шешу және алдын алу бойынша Кеңесті құрайды.

Ұжымдық еңбек дауларын шешу және алдын алу бойынша Кеңестің саны мен құрылымы, әлеуметтік әріптестік тараптарының ұсыныстары бойынша, әлеуметтік әріптестік комиссиясында анықталады.Кеңес өз құрамынан Кеңестің төрағасын және Кеңестің хатшысын сайлайды.Кеңес отырысы тоқсан сайын немесе қажеттілікке байланысты өткізіледі (тараптар).

3.23. Кеңестің шешімі қарапайым дауыс басымдылығымен анықталып, қаулымен бекітіледі. Дауыстар арақатынасы тең болған жағдайда, Кеңес төрағасының дауысы шешуші болып табылады.Кеңестің шешімі еңбек даулары жақтарына Кеңес отырысы аяқталғаннан соң 3-күннен қалмай жеткізіледі.

3.24.Тараптардың, немесе еңбек дауы жағының, Кеңес шығарған шешіміне келіспегенінде, дау қарау бойынша материалдар, аудандық әлеуметтік әріптестік бойынша 3-жақты комиссияның қарауына жіберіледі.

3.25. Кеңес өз әрекеті барысында, аудандық әлеуметтік әріптестік бойынша 3-жақты комиссияға бағынышты болып табылады және аудандық 3 - жақты комиссияның отырысында, атқарылған жұмыстары туралы жылына кемінде 1 рет есеп беріп отырады.

4. ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУҒА ЖӘРДЕМ ЖАСАУ ЖӘНЕ ЖҰМЫССЫЗДЫҚ ДЕҢГЕЙІН ТӨМЕНДЕТУ ШАРАЛАРЫ

4.1. Жаңа жұмыс орындарын құру және сақтау, кәсіптік және қайта оқытудың, соның ішінде жұмыссыздарды еңбек нарығының сұранысына сай оқыту сапасын жақсарту, еңбек қатынастарын заңдастыруды жалғастыру (әкімшілік, жұмыс берушілер).

4.2.Жыл сайын аудан экономикасына қажетті кадрлар болжамы мамандықтар бойынша анықтау. Жоғары және техникалық-кәсіби мамандықтарды дайындауға мемлекеттік білім беру тапсырыстары, тек қана анықталған қажетті кадрлық болжамдар негізінде жүргізілсін (әкімдік, жұмыс берушілер).

4.3.Жұмыссыздық деңгейін төмендету және тұрақтандыру мақсатында, жыл сайын аумақты дамыту бағдарламасы аясында, жұмыссыздықты азайту бойынша бағдарламалар жасалынсын (әкімшілік).

4.4. Еңбек нарығы мен жұмыссыздық жағдайы туралы деректерді тоқсан сайын БАҚ-та жариялау. Жұмыс берушілер мен аудан тұрғындарын жұмысқа орналасту және кәсіби оқыту мүмкіндіктері туралы тұрақты ақпараттандыру (әкімдік, жұмыс берушілер).

4.5. Жұмыс істейтіндерді жаппай қысқарту жағдайында (жұмыс істейтіндер санының4 10 пайызынан астамы), халықты жұмыспен қамту бойынша аумақтық мемлекеттік уәкілетті органдарға, кәсіподақтарға кем дегенде 2 ай бұрын хабарлау. Өзара кеңесу негізінде, босаған қызметкерлерді еңбекке орналастыру жөнінде, қаржыландыру көздерін айқындай отырып, шұғыл іс-шаралар бағдарламасын әзірлеу (тараптар).

4.6. Аумақты дамыту бағдарламасына сәйкес, халықты жұмыспен қамтамасыз ету үшін, жұмыссыз және аз қамтылған азаматтарды оқумен қамтамасыз ету (әкімдік).

4.7.Ақпараттық деректер жиынтығын қалыптастыру үшін, қалалар мен аудандардың жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламаларды үйлестіру бөлімдеріне жұмыс берушілер қажетті мамандар туралы деректер берсін (жұмыс берушілер).

4.8.Ауданның барлық деңгейдегі жоғары оқу орындары (колледждер), кәсіпорындар мен мекемелермен, студенттердің өндірістік тәжірибелерді ақысыз өтуі үшін, шарттар жасасын (жұмыс берушілер).

4.9. Нарық талабына сай кәсіптік білім беру жүйесін дамыту бойынша, 2011-2020 жылдарға арналған білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасына сәйкес, орта және орта арнаулы білімді өнеркәсіп және ауыл шаруашылық мамандарын дайындау. Мемлекеттік жұмыспен қамту бағдарламасына сәйкес, қажетті қаражаттарды көздеу (стипендия төлей отырып, тегін оқыту) (әкімдік, жұмыс берушілер).

(жалғасы 5-ші бетте)

ҚОҒАМ КЕЛБЕТІ

Қ А Р А М О Л А Е Р Е Ж Е С І - АСА ҚҰНДЫ ТАРИХИ ҚҰҚЫҚТЫҚ ЕСКЕРТКІШ



А. МАДИЕВА
(Басы өткен нөмірде)

Сонымен бірге, Ережеде ұрлықтың кәсіби белгілері анықталған. Мәселен, жиырма одан да көп ат ұрлағандар, көп мөлшерде ұрлаған түрінде жауапкершілік қатая түсетін, айып ұлғая түскен. Ережені салмақтай түсетін 60-бап айыпты ұрымен қатар оның серіктеріне де жүктеді. Ұрының серіктері былай анықталды: 1) ұрыға ат берушілер; 2) ұрлыққа бірге барып не басқаша көмектескендер; 3) ұрланған малды жасырғандар; 4) ұрлықты біле тұрып жасағандар. Егре де бұл айтылған адамдар айыпты төлей алмаса, онда ұрланған малды біле тұрып, оны сатып алғандар төлейтін болды. Оның мұршасы жетпесе, ұрының үйі қайсы ауылда тұрса, сол ауылбасы төледі. Ол

болмаса, егер жәбірленген адам басқа уездікі болса, онда бүкіл болыстың қызметтегі адамдары және болыс халқы төледі, т.т. деп жауапкершілікке ұрының өмір сүріп отырған ортасын тартқан. Бұл шара үш жылға немесе ұрлықтың түгелімен көзін жойғанша деп жазылады. Көпшілікке түскен айыпты тек билер съезі ғана анықтайтын болды. Ұрлықпен үш рет жазаға тартылғандар ауылдан қуылды. Мінеки, ұрлықтың көзіңн жоюға бағытталған күнделікті өмір

шындығынан туындаған бап осындай.

Қарамола Ережесінің қазақ әдет-ғұрып құқығында алатын орны ерекші маңызды. Басқа ережелердің ішінде әлдеқайда басымдылығы аңғарылады.

Біріншіден, бұл жазбаша қалған ескерткіш.

Екіншіден, Ереже жазуға Абайдың қатысқаны. Заманында қатарының алды болған ойшыл, қоғам қайраткеі, әділдігімен аты шыққан би – Абайдың режени жазуы осы Ереженің құнын еселей түседі.

Үшіншіден, Қарамола Ережесі, басқа бүгінгі таңда қолда бер ережелердің ең көлемдісі. Көптеген ережелер екі-үш мәселені реттеумен шектеліп отырған. Мәселен, Шар Күшік ережесі отбасы – неке қатынастарының мәселелеріне арналған болса, Шұбарағаш Ережесі қазақ әдет-ғұрып заңдарын танып білуде маңызды зор, құнды құжат болып табылған.

Төртіншіден, құқық теориясында маңызды болып келетін, экономикалық, саяси, идеологиялық өзгерістер әсерінен, әдет-ғұрыптың дамуы мен құбылуының тірідей куәгері. Көп ғасырлар бойы өзгеріске ұшырамаған, құқық жүйесі, саяси жүйелердің, қоғамдық көзқарастардың бірінің ыдырап, бірінің қалыптасу сәті Қармола Ережесінде айқын көрінеді. (1 Қазақтың ата заңдары, Алматы, Жеты – Жарғы, 2005, V том, 105-бет.)

Бородулиха ауданының әкімдігі, мемлекеттік, банктік мекемелер және қоғамдық қызмет көрсету қызметкерлерінің аудандық кәсіподақ кеңесі, денсаулық сақтау қызметкерлерінің кәсіподақ комитеті, Жезкент КБК бастапқы кәсіподақ ұйымы, Шығыс Қазақстан облысының кәсіпкерлер палатасы Бородулиха филиалы арасындағы 2015-2017 жылдарға арналған КЕЛІСІМІ

(Басы 4-ші бетте)

4.10. Аудандық салалық Келісімдерде, ұжымдық шарттарда жұмыскерлердің білім алуына, біліктілігін жоғарылатуға байланысты кепілдіктер мен өтемақылар төлеуді қарастыру (кәсіподақтар, жұмыс берушілер).

4.11. Қолданбадағы заңнамаларға сәйкес, бюджет саласы қызметкерлерінің біліктілігін көтеруге қаражатты жергілікті бюджеттен қарастыру (әкімдік).

4.12. Ауылды жерлерге тұрып жұмыс істеуге келген, денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және ауылшаруашылық кешені мамандарына көтермелеу жәрдемақылары мен бюджеттік несиелер арқылы қолдау жасау, олардың жұмысқа орналасуын бақылау, тұрақтап қалуына ықпал ету. Жас мамандарды, және де аса қажетті, біліктілігі жоғары мамандарды тұрғын үймен қамтамасыз ету.

4.13. Аз қамтылған отбасылар санынан шыққан жастарды, ЖОО-ға жіберуге, содан кейін ауылдық жерлерге жұмысқа орналастыру мақсатында, аудандық бюджетте қаражаттар көздеу (әкімдік).

4.14. Жұмыстан босатылатын қызметкерлерге, еңбек шартының бұзылу мерзімі басталғанға дейін, жаңа кәсіптерге қайта оқу мүмкіндігін беру. Жұмыстан босатылатын қызметкерлерге жұмыс іздеуі үшін, босатылар алдындағы айдың ішінде екі ақысы төленбейтін күн беру (әкімдік, жұмыс берушілер).

4.15. Кәсіподақтар мүшелеріне жұмыспен қамту, жұмысқа орналасу, еңбекақы төлеу мәселелері бойынша ақысыз кеңестер беру және құқықтық көмек көрсету. Келісім комиссиялары мен сотта олардың мүдделеріне өкілетті болу (кәсіподақтар).

4.16. Жұмыс берушінің бастамасы бойынша, Қазақстан Республикасы Еңбек Кодексінің 54-бабының 1-тармағының 2,3-тармақшалары және 59-бабының 1-тармағының 2-тармақшасына сай, кәсіподақ мүшесі болған қызметкерді жұмыстан босатуды тек кәсіподақ органының келісімімен іске асыру (жұмыс берушілер, кәсіподақ).

4.17. Жұмыс кадрларын дайындайтын техникалық және кәсіби оқу орындарының оқулық-материалдық базасын нығайту және жаңарту жөніндегі шараларды қабылдау және қажетті жағдайларда, оқу-тәжірибелік сабақтарды ұйымдастыру үшін жер учаскелерін беру. Оқушылар және мұғалімдер құрамы үшін жатақханаларды жөндеу және салуды қамтамасыз ету (әкімдік, жұмыс берушілер).

4.18. Келісім аумақтық (аудандық, салалық) Келісімдерге, ұжымдық шарттарға 50 жастан асқан адамдардың жұмыс орындарын сақтау және лайықты жұмыс жағдайын қалыптастыру бойынша жағдайларды енгізуді ұсыну (тараптар).

4.19. ТҮКШ жаңғырту Бағдарламасын іске асыруды қолдау (тараптар).

5. ӘЛЕУМЕТТІК КЕПІЛДІКТЕРДІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ САЛАСЫНДА

5.1. Экономикалық мүмкіндігі бар шаруашылық жүргізуші субъектілер, аумақтық орналасушылықтарына қарай, интернет үйлеріне, сәбилер үйіне, қарттар мен мүгедектерге арналған үйлерге қамқорлық көмек көрсету шараларына қатыссын (тараптар).

5.2. Бірінші қажеттегі негізгі тауарларға бағаның негізсіз өсуіне жол бермеу бойынша бірлескен жұмысты жалғастыру (тараптар).

5.3. Мәдениетті, спортты, туризмді дамыту, балалар мен отбасылық демалысты ұйымдастыру саласында келісілген саясатты жүргізу, сондай-ақ, аудан тұрғындарын марал, ара шаруашылығы өнімдерімен сауықтыру, қалалар мен аудандарда ара өнімдерінің орталықтарын құру (тараптар).

5.4. Балаларды жазғы каникул кезінде сауықтыру және демалдыру шараларына аудан бюджеттерінен қаражат қарастыруын ұсыну, қала сыртындағы сауықтыру лагерлерін салуға қажетті шараларды қабылдау (әкімдік).

5.5. Өткізілетін іс-шараларға бірлесе қатысуға тараптар өкілдерін тарту. Оларды алқа, кеңес, тендерлік комиссия, актив, семинар, жиналыс және т.б. құрамына енгізу (тараптар).

5.6. Қаржылық- экономикалық мүмкіндігіне байланысты, мәдени-көпшілік және спорттық-сауықтыру іс-шараларын өткізу үшін, мекеме есебінен нақты еңбек ақы қорының 0,15% кем емес ақшалай және басқа да қаражаттардың бөлінуін ұжымдық шарттарда қарастыру (жұмыс берушілер).

5.7. Ауылды жерлерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, білім беру, спорт және мал дәрігері мамандарының еңбекақысына жергілікті бюджет есебінен қосымша ақы төлеу, жергілікті өкілетті органдардың шешіміне сәйкес жүргізілсін (әкімдік).

5.8. Ауылды жерлерде тұратын білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және мал дәрігері қызметкерлерінің отын сатып алуына, аудандардың бюджеттерінен келесі мөлшерде қаржы қарастырылсын: 2015 жылға – 18495 теңге, 2016 жылға – 19060 теңге, 2017 жылға – 19175 теңге (әкімдік).

5.9. Бюджет саласы қызметкерлеріне мемлекеттік коммуналдық тұрғын үй бөлу қарастырылсын (әкімдік).

5.10. Мемлекеттік коммуналдық тұрғын үйлерді бөлу комиссиясының құрамына кәсіподақтар өкілдерін енгізу (әкімдік).

5.11. Күнкөріс деңгейінен төмен табысты тұрғындардың үлес-салмағын азайту (тараптар).

5.12. Ұжымдық шарттарда қызметкерлердің еңбек күні режиміндегі кәсіби-қолданбалы, дене шынықтыру-сауықтыру және оңалту іс-шараларын енгізетін, дене шынықтыруымен айналысуды іске асыру үшін жағдайлар жасау жөніндегі іс-шараларды қарастыру. Спорттық жабдықтар мен мүліктерді сатып алуға қаражаттар бөлу (жұмыс берушілер, кәсіподақтар).

5.13. Нақты немесе жорамалды АҚТБ мәртебесі негізіндегі жұмысшыларды кемсітуге жол бермеу. Жұмыс орындарында АҚТБ/ЖҚТБ-ға қарсы күрес және алдын алу жөніндегі стендтер орнату (тараптар).

5.14. Аудандық салалық Келісімдерді, ұжымдық шарттарды жасағанда жұмыс істеуші әйелдердің құқықтары мен кепілдіктерінің сақталуын қарастыру, міндетті алдын ала тексерілуі, олардың емделуін, балаларын мектепке және мектепке дейінгі мекемелерге дайындауға мұқтаж аналарға қаржылай көмек көрсетуді қамтамасыз ету (кәсіподақтар, жұмыс берушілер).

5.15. Мемлекеттік жастар саясатын іске асыруға, еңбек аясында жастардың әлеуметтік құқықтарын, білім алу және денсаулықты қорғау мәселелерімен қамтамасыз ету бойынша міндеттерді шешуге қатысу, жастардың әлеуметтік-экономикалық қажеттіліктерін өз бетімен іске асыруына жағдай тудыру.

Жасөспірімдер мен жастарды уақытша, оның ішінде шағын және орта бизнес құрылымдарында жұмыспен қамту механизмдерін жетілдіру (тараптар).

5.16. Қоршаған ортаны ластайтын қолайсыз жағдайларды болдырмауды және қоршаған ортаның жағдайы үшін жауапкершілікті арттыруға бағытталған шараларды қабылдау (тараптар).

5.17. Шарушылық жүргізу құқығындағы (ШЖҚ) мемлекеттік мекемелердің жұмысшыларына, лауазымдық жалақысы мөлшерінде сауықтыру жәрдемақысы төлене отырып, ұзақтығы отыз күнтізбелік күннен кем болмайтын жыл сайынғы негізгі ақылы еңбек демалысының берілу құқығы сақталынын, олардың қызметтік жалақылары мен басқа да қосымша төлемдерінің ең төменгі мөлшері, азаматтық қызметкерлердің сәйкес қызметтік жалақылары мен қосымша төлемдерінен кем болмасын, бұл тармақтар ұжымдық шарттарда қарастырылсын (әкімдік, жұмыс берушілер).

5.18. Орташа айлық еңбекақы бойынша шағылған сомадан, жүктілігіне және босануына байланысты демалысы кезінде мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру Қордан төленген соманың айырмасын төлеу мүмкіндігі, ұжымдық шарттарда қарастырылсын (жұмыс берушілер).

6. АУДАН МЕКЕМЕЛЕРІНДЕ, ҰЙЫМДАРЫНДА ЖӘНЕ КӘСІПОДАҚ ОРГАНДАРЫНДА КӘСІПОДАҚ ҰЙЫМДАРЫ МЕН КӘСІПОДАҚ ОРГАНДАРЫ ІС-ӘРЕКЕТІНІҢ КЕПІЛІ

6.1. Кәсіподақ құқықтары мен кепілін сақтау, меншік түріне қарамастан ұйымдарда кәсіподақ органдарының құрылуына және қызмет етуіне бөгет жасамау (жұмыс берушілер, әкімдік).

6.2. Кәсіподақ органдарын, мүмкіндікке орай, бөлмелермен, жиһазбен қамтамасыз ету жағдайын ұжымдық шарттарда қарастыру (жұмыс берушілер).

6.3. Мүмкіндік болған жағдайда, босатылған кәсіподақ қызметкерлеріне, кәсіпорында қолданылатын жеңілдіктерді, кепілдіктерді, қосымша ақыларды сақтау, ұжымдық шартта қарастырылсын (жұмыс берушілер).

6.4. Жұмыс беруші кәсіпорындағы жалақы, еңбек және демалыс режимі, әлеуметтік жеңілдіктер мен кепілдіктер жөніндегі өзгерістер туралы кәсіптік органдарға ақпаратты, егерде еңбек, ұжымдық шарттарында бұдан ұзағырақ мерзім қарастырылмаса, 1 ай бұрын береді (жұмыс берушілер).

7. КЕЛІСІМ ҚОЛДАНЫЛУЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ОРЫНДАЛУ БА-РЫСЫНА БАҚЫЛАУДЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

7.1. Аудандық үш жақты әлеуметтік әріптестік туралы Келісім мемлекеттік органдарға, қызметкерлерге және олардың өкілдеріне, сондай-ақ меншік нысанына қарамастан жұмыс берушілердің барлығына қолданылады.

7.2. Келісім аумақтық (аудандық, салалық) келісімдер және ұйымдарда ұжымдық шарттарды қабылдау барысында келіссөздер жүргізуге негіз болады.

7.3. Келісім тараптарының міндеттемелері және ұсыныстары (шешімдері) келісім аумақтық (аудандық, салалық) келісімдерді және ұжымдық шарттарды қабылдау кезінде есепке алынулары керек.

7.4. Тараптар Келісімді дамыту және оның орындалуын қамтамасыз ету үшін, аудандық үш жақты әлеуметтік әріптестік және еңбек пен әлеуметтік қарым-қатынастарды реттеу жөніндегі комиссияның шеңберінде, өзара кеңестесу негізінде құжаттарды әзірлейді, тиісті шешімдерді қабылдайды, Қазақстан Республикасының заң шығарушы және атқарушы билік органдарына ұсыныстар қалыптастырады және олардың іске асуына қол жеткізеді (тараптар).

